

**А.Мұсақожаева, Ә.Сабырова,
М.Әбуғазы, Г.Ғизатова**

МУЗЫКА

Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

6



Алматы
2018

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 85.31я72

М 78

**Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–6-сыныптарына
арналған «Музыка» пәнінің жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды**

Шартты белгілер



Музыканы тыңда



Ән мен күүді орында



Біліп ал!



Сұрақтар мен тапсырмалар



Ақпаратты тап



Білгенге – маржан



Ойлан

М 78 **Музыка:** Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық/
А.Мұсақожаева, Ә.Сабырова, М.Әбуғазы, Г.Ғизатова. – Алматы: «Қазақ
энциклопедиясы», 2018. – 136 бет.

ISBN 978-601-7967-03-1

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 85.31я72

ISBN 978-601-7967-03-1

© А.Мұсақожаева, Ә.Сабырова,
М.Әбуғазы, Г.Ғизатова, 2018

© «Қазақ энциклопедиясы», 2018

МАЗМҰНЫ

I тоқсан. Классикалық музыканың үздік туындылары

1-сабақ. Орган музыкасы	6
2-сабақ. Симфониялық музыка	10
3-сабақ. Опера және балет өнері	14
4-сабақ. Қазақтың кәсіби музыкасы. Дәстүрлі күйшілік өнер	21
5-сабақ. Қазақтың кәсіби музыкасы. Дәстүрлі әншілік өнер	24
6-сабақ. Қазақтың кәсіби музыкасы. Жазбаша кәсіби музыка	28
7-сабақ. Жобаны дайындау және құрастыру	33
8-сабақ. Жоба нәтижелерін таныстыру	35

II тоқсан. Заманауи музыкалық мәдениет

9-сабақ. Эстрадалық музыка. Шет ел эстрадасы	38
10-сабақ. Қазақ эстрадасы	44
11-сабақ. Заманауи музыкалық жанрлар	50
12-сабақ. Заманауи музыкалық жанрлар (стильдер)	54
13-сабақ. Әлемдік джаз музыкасы	57
14-сабақ. Қазақстанның джаз музыкасы	60
15-сабақ. Жобаны дайындау және құрастыру	64
16-сабақ. Жоба нәтижелерін ұсыну	65

III тоқсан. Музыка және өнер түрлері

17-сабақ. Музыка және поэзия	67
18-сабақ. Музыка және поэзия	71
19-сабақ. Музыка және бейнелеу өнері	74
20-сабақ. Музыка және бейнелеу өнері	78
21-сабақ. Музыка және театр	81
22-сабақ. Музыка және театр	84
23-сабақ. Кино және музыка	87
24-сабақ. Кино және музыка	91
25-сабақ. Жобаны дайындау және құрастыру	97
26-сабақ. Жоба нәтижелерін таныстыру	98

IV тоқсан. Музыка – өмір тынысы

27-сабақ. Интеллектуалды музыка	101
28-сабақ. Интеллектуалды музыка	104
29-сабақ. Жан жадыратар әуен	106
30-сабақ. Жан жадыратар әуен	110
31-сабақ. Музыка және технология	113
32-сабақ. Дыбыстау және музыкалық әрлеу	117
33-сабақ. Жобаны дайындау және құрастыру	120
34-сабақ. Жоба нәтижелерін ұсыну	122
Глоссарий	123



ЖАС ДОС!

Біз музыка әлемімен танысуды жалғастырамыз!

Классикалық музыканың інжу-маржандары бізге бай рухани қазынаның есігін айқара ашады. Біз әлемдегі ең үлкен музыкалық аспап – орган туралы және оған арнап жазылған музыка жайында білетін боламыз. Академиялық және қазіргі заманғы музыкалық шығармалардың сан алуан жанрлары – симфония, опера, балет, джаз, эстрадалық музыка түрлерімен танысамыз.

Қазақ халқының кәсіби аспаптық музыкасы және дәстүрлі әншілік өнері туындыларының шығу тарихын және оларды шығарған өнер қайраткерлерін білетін боламыз.

Біз поэзия, театр, кино және бейнелеу өнері туындылары музыкамен тығыз байланысты екеніне көз жеткіземіз.



І ТОҚСАН КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАНЫҢ ҮЗДІК ТУЫНДЫЛАРЫ

Танысасың:


- орган музыкасымен;
- симфониялық музыкамен;
- опера өнерімен;
- балет өнерімен;
- Қазақстанның кәсіби музыкасымен.

Музыкалық сауат:

- музыкалық стильдер;
- дәуірлер;
- жанрлар;
- аспаптар.

Терминдер мен ұғымдарды білесің:

орган	классикалық симфония
полифония	опера
музыкалық барокко	балет
музыкалық классицизм	төкпе күй
музыкалық романтизм	шертпе күй
импрессионизм	сал-сері
пассакалия	



1-САБАҚ

ОРГАН МУЗЫКАСЫ



Сабақта:


1. Орган аспабымен және оның құрылымымен танысамыз;
2. Орган аспабына шығарма жазған композиторлармен танысамыз;
3. Музыкалық терминдермен танысамыз;
4. Әр кезеңдегі орган шығармаларын тыңдаймыз;
5. Тыңдалған шығармаларды салыстырып, талдаймыз;
6. «Маңмаңгер» әнін әртүрлі нұсқада тыңдап, талдаймыз. Өнді үйренеміз;
7. Танымал Қазақстандық органшы туралы білеміз.

Классикалық музыка жауһарларына – академиялық музыканың және қазақ халқының кәсіби дәстүрлі музыкасының үздік туындылары жатады.

Классика дегеніміз – музыкалық өнердегі әртүрлі жанрлардың ең үздік қасиеттерін өз бойына жинаған көркемдік деңгейі биік дүние. Академиялық музыкада опера, симфония, оратория, соната, прелюдия, сюита, увертюра және тағы басқа жанрлар мен құрылымдар негізіне сүйенеді. Қазақ халқының классикалық музыкасы деп кәсіби күйші, әнші-жыршы композиторлардың інжу-маржан туындыларын айтамыз.



Орган [грек. organon (органон) – құрал, аспап] – үрмелі-клавишті музыкалық аспап. Органның алғашқы түрлері Грекия, Италия, Мысыр, Византия елдерінде пайда болды. VII ғасырдан бастап Еуропада, көбінесе шіркеулерде хорды сүйемелдеу үшін пайдаланылды. Кейінгі ғасырларда басқа да елдерде тарайды. Органның дыбыс тембрі ерекше және түрлі регистрде шығады. Ол күрделі механизмдерден тұрады. Оның металдан жасалған ұзындығы әртүрлі түтіктері болады.



Әр түтік белгілі тембрде бір дыбыс шығарады. Ал көптеген түтіктер жоғарғы немесе төменгі бір регистр құрайды. Әрбір регистр үрлеп ойнайтын бір музыка аспабының дыбысын береді. Сөйтіп, түтіктен шыққан бір дыбыс пен бір уақытта шыққан бірнеше регистрлер бүкіл оркестрдің дыбысын құрайды. Органда

1–7 мануал (әрқайсысында 72 клавиш), аяқпен басатын педалі болады. Органға арналған ноталар скрипка мен фортепианоға жазылатын сияқты үш түрлі нота сызықтарына жазылады.

Органға арнап Д.Букстехуде, И.С.Бах, Ф.Мендельсон, И.Брамс, т.б. композиторлар музыка жазған.

XV ғасырдан бастап орган Ресейде кеңінен таралды. Қазақстан бойынша орган: 1) Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінің орган залында; 2) Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының үлкен залында; 3) Жамбыл атындағы филармонияда; 4) Көкшетау қаласында орнатылған.



Иоганн Себастьян Бах (1685–1750)

Иоганн Себастьян Бах – неміс композиторы, шебер органшы әрі ұстаз.

1000-нан аса алуан түрлі жанрлардағы (операдан басқа) музыкалық шығармалардың авторы.

И.С.Бахтың сазгерлік мұрасы өнердегі **барокко** музыкасы жетістіктерінің озық үлгісі болып саналады. И.С.Бах – **полифонияның** ұлы шебері.



Барокко дегеніміз не?

Музыкадағы барокко (итальянша *barocco* – астарлы, әдеттен тыс) 1600–1750 жылдардың арасында Еуропада кең тараған өнер стилі. Ол әсіресе Италияда, Испанияда, Германияда, Францияда кең таралған. Барокконың әлеуметтік негізі – шіркеудің және сол уақыттағы ақсүйектік қоғамның құдіретін дәріптеу.

Барокко кезеңінің композиторлары және орындаушылары музыкалық классиканың ажырамас бөлігі болып табылады. Сол уақыттағы шығармалар қазіргі заманда кеңінен орындалады. Олар – Иоганн Себастьян Бахтың фугалары, Георг Фридрих Гендельдің «Мессия» ораториясынан «Аллилуйя» хоры, Антонио Вивальдидің «Жыл мезгілдері» концерттері.

Музыкалық жанрлардың ауқымы кеңейіп, музыкалық шығармалардың күрделілігі арта түсті.



**Феликс
Мендельсон**
(1809–1847)



И.С.Бахтың ре минорлы «Токката мен фугасының» бейнежазбасын қарап, оны Ф.Мендельсонның «Пассакалиясымен» салыстыр.

1. Органда қанша мануал барын анықта.
2. Тыңдалған шығармалардың көркем бейнесіне мінездеме бер.
3. «Орган», «пассакалия» тақырыбына синквейн жаса.





МАҢМАҢҒЕР

Ақан сері

Маңмаңгер, кекілің келте, жалың майда,
Жүйрік жоқ сенен озған құнан-тайда.
Жүрісің желмаядай жануарым,
Көрейін қызығыңды осындайда.

1. Осы әнде Ақан сері өз сәйгүлігін қалай бейнелеген?
2. Әнді Ерлан Рысқали, Айжан Нұрмағамбетова және Ғабит Несіпбаевтың орындауларында тыңда.
3. Әннің орындалу мәнерін салыстыр.



Қазақ халқының белгілі органшысы – **Ғабит Несіпбаев**.
Қазақстанның еңбек сіңірген артисі.



1. Классикалық музыканың жанрларын ата.
2. Қазақ халқының қандай музыкасын классикалық деп атаймыз?
3. Органға арнап жазған композиторларды ата.
4. Орган аспабы Қазақстанның қай қалаларында орнатылған?
5. «Музыкалық барокко» ұғымына анықтама бер.
6. Атақты қазақ органшысын ата.



2-САБАҚ

СИМФОНИЯЛЫҚ МУЗЫКА



Сабақта:

1. Батыс Еуропа классикалық музыкасының негізгі даму кезеңдерімен және оның көрнекті өкілдерімен танысамыз;
2. Музыкалық терминдермен танысамыз;
3. В.А.Моцарттың № 40 симфониясын тыңдаймыз;
4. Қазақтың халық әні «Ақ дариғаны» үйренеміз;
5. Қ.Мусиннің «Жайлауда» симфониялық поэмасымен танысамыз.

Симфониялық музыка – симфониялық оркестрде орындауға арналған күрделі музыкалық шығарма. Симфониялық музыканың негізгі жанрлары: симфония, увертюра, концерт, сюита, симфониялық поэма, фантазия, т.б. Классикалық музыканың негізгі даму кезеңдері – **музыкалық классицизм (1750–1820), романтизм (1800–1910), импрессионизм**. Өзіне дейінгі кезеңдердің жетістіктерін дамытқан ХХ ғасырдағы симфониялық музыкада мазмұн мен құрылым жаңарды.

XVIII ғасырда симфониялық оркестрдің классикалық түрінің қалыптасуына байланысты симфониялық музыка кеңінен дамыды. Оның



негізін салған композиторлар – Йозеф Гайдн, Вольфганг Амадей Моцарт, Людвиг ван Бетховен. Олар – Вена классикалық мектебінің өкілдері. Олардың шығармашылығында **симфонияның классикалық (төрт бөлімді) үлгісі, сондай-ақ концерт (үш бөлімді), увертюра (бір бөлімді)**, т.б. туындылар қалыптасты. Классикалық өнер сезім мен ақыл, пішін және мазмұн арасындағы нәзік теңгерімді ерекшелеп, адамның әрекеттері мен сезімдерін, ақыл-ой даналығын алға тартты. Соната формасы осы кезеңнің көптеген шығармаларында басымдыққа ие болды. Соната формасында екі тақырыптың күресі, талас-тартысы болады.

Музыкадағы романтизм бағыты 1820 жылдары қалыптаса бастады. Музыкадағы романтизм адамның ішкі жан дүниесіне үңілу қасиеттерді бойына сіңіре отырып дамыды. Романтикалық музыканың бейнелілігі артты. Романтизм дәуіріндегі музыканттар Н.Паганини, Ф.Шопен, Ф.Лист, Р.Шуман, Г.Берлиоз, Р.Вагнер, П.Чайковский асқан орындау шеберлігі арқасында өз елінің ұлттық музыка дәстүрін танытты. Романтикалық музыка өзінен кейінгі импрессионизм дәуірі үшін құнды қазына болды.

Импрессионизм («impression» – әсер) – XIX ғасырдың 2-жартысы мен XX ғасырдың басында өнерде пайда болған ағым. Негізінен суреткердің өмірден алған өткінші әсері мен сәттік көңіл күйіне құрылады. Бейнелеу өнерінде импрессионизмнің жекелеген белгілері 1860 жылдары француз суретшілерінің (Э.Мане, О.Ренуар, Э.Дега) еңбектерінде көріне бастады. Музыкадағы импрессионизмнің негізін салушы Клод Дебюсси өз шығармашылығында музыканың бейнелеу тәсілдеріне ерекше көңіл бөлді. Ол музыканың гармониялық және тембрлік бояуларын, оркестрлік техникасын байытты. Морис Равель (Франция) мен Мануэль де Фалья (Испания) музыкалық импрессионизмнің шеберлері еді. Симфонияның 1-бөлімі Сонаталық аллегро құрылымында жазылған үш тараудан тұрады (экспозиция, өрбітуші тарауы және реприза).



**Вольфганг
Амадей Моцарт**
(1756–1791)



Экспозиция төрт тақырыпқа негізделеді – басты (главная), байланыстырушы (связующая), қосалқы (побочная) және қорытындылаушы (заключительная). Әр тақырып өз мінездемесімен ерекшеленеді.

Басты тақырып – екпінді, қарқынды, буырқанған мінезді.

Байланыстырушы тақырып – жүрдек екпінді. Қосалқы тақырып нәзік, лирикаға толы сезімдерді жеткізеді.

Қорытындылаушы тақырып – орындалған сарындарды бекітіп, жаңа тональдікті орнықтырады.

Өрбітуші тарауы басты тақырыпты дамытады.

Реприза – экспозиция тақырыптарын басқа тональдікте қайталап, оған драмалық леп қосады.



1. В.А.Моцарттың №40 симфониясының 1-бөлімінен үзінді тыңдаңдар (соль минор).

2. В.А.Моцарттың симфониясының басында қандай аспаптар орындайды?

3. Сенің ойыңша В.А.Моцарттың осы симфониясы адамның қандай сезімдерін оятады?



АҚ ДАРИҒА

Халық әні

Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі,
Айтайын мен бір сөзді күлдіргелі.
Орныңнан әрі отырған, ахау, бермен отыр,
Қолымда қармағым жоқ ілдіргелі-ай.

Хай ли-ли, хай ли-ли, хай ли-ли-ляй
Ақ дариға, ілдіргелі-ай.

Қолымда бір қамшым бар бунақтаған,
Бәйгеден екі ат келер ойнақтаған.
Жүрмісің есен-аман, беу, қарағым,
Көзіңнен айналайын жайнақтаған.



Ән мәтінін мәнерлеп оқы.

«Тізбекпен» айтамыз. Төрт топқа бөлінеміз. Бір топ әннің бір тармағын айтып, екінші топқа кезек береді. Ал «Ақ дариға, ілдіргелі-ай», «Ақ дариға, жайнақтаған-ай» деген жолдарын сынып оқушылары бірге орындауы қажет.



Қапан Мусин
(1921–1970)

Қапан Мусин – танымал қазақ композиторы. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында дүниеге келген. 1936–1941 жылдары Мәскеу консерваториясының Қазақ студиясын тамамдады. Ұлы Отан соғысының ардагері.

1953 жылы Алматы консерваториясының композиция класын бітірді.



1. Қ.Мусиннің «Жайлауда» симфониялық поэмасынан үзінді тыңдау.

2. Шығарманың басында қандай аспап қолданылған?

3. Қ.Мусин поэмасындағы халық әні «Ақ дариғада» қандай өзгерістер байқалады?

4. Композитор Қ.Мусин жайында ақпарат іздеп, қысқа, ауызша мәлімет (әңгіме, слайд-шоу дайындау) құрастырындар.




1. Симфониялық музыканың негізгі жанрларын ата.

2. Симфониялық оркестрдің басқа оркестрлерден айырмашылығы туралы өз түсінігіңді айт.

3. Симфония жанрын сараптау туралы біліміңді қолданып, «Жайлауда» симфониялық поэмасының негізгі және қосалқы тақырыбын анықта.

4. Өнердегі стильдерді хронологиялық тәртіппен жинақта.

5. «Симфония» тақырыбына синквейн жаз.



3-САБАҚ

ОПЕРА ЖӘНЕ БАЛЕТ ӨНЕРІ

Оркестрмен бейнеленген жан сарайы



Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры

Сабақта:

1. Опера және балет өнерімен танысу;
2. Опера мен балет шығарған композиторларды білу;
3. Музыкалық терминдерді түсіне білу;
4. Опера мен балет шығармаларынан үзінді тыңдау;
5. Қазақ операсы мен балеті туралы дерек алу;
6. «Біржан – Сара» операсынан хор үйренеміз.

Опера – музыканың ең бай және күрделі жанры болып саналады. Операда поэзия және драмалық өнер, вокалдық және аспаптық музыка, би, кескіндеме, сахна суреттері және сахналық киімдер тұтастық құрайды. Операдағы музыка уақиғаның басты қозғаушы күші болып табылады. Жеке әнші орындайтын күрделі, кең тынысты ария, ариозо, каватина және речитатив (речитатив – тар көлемді әуенге негізделген, сөйлеу мәнеріне жақын сарын), топпен орындалатын: дуэт (екі адам), трио



(үш адам), квартет (төрт адам), квинтет (бес адам), яғни ансамбльдер, хор көріністері, билер, оркестрлік нөмірлер (увертюра, антракт) опералық музыканың алуан түрлерін құрайды. Опера жеке жанр болып XVI–XVII ғасырлар аралығында қалыптасты. Опера жанрының XVIII–XIX ғасырлардағы Батыс Еуропадағы көрнекті өкілдері: К.В.Глюк (Австрия); В.А.Моцарт (Австрия), Дж.Верди (Италия), Р.Вагнер (Германия), т.б.

XIX ғасырдағы орыс операсының негізін салушы М.И.Глинканың жолын М.П.Мусоргский, П.И.Чайковский, Н.А.Римский-Корсаков, А.П.Бородин дамытты. Орыс композиторларының операсына халықтық сипат пен реализм тән.

Қазақстанда опера жанры XX ғасырдың 30-жылдарынан бастау алады. 1934 жылы Е.Г.Брусиловский операның алғашқы орындаушылары Күләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Ғарифолла Құрманғалиев, Құрманбек Жандарбековпен бірлесе, ән-күй байлығын негіз еткен қақтың тұңғыш операсы «Қыз Жібекті» сахна төріне шығарды.



*Күләш және Қанабек
Байсейітовтер*

Кейінгі жылдары А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» (1944), М.Төлебаевтың «Біржан – Сара» (1946), С.Мұхамеджановтың «Айсұлу» (1964), Е.Рахмадиевтің «Қамар сұлу» (1963) және Ғ.Жұбанованың опералары бұл саладағы ұлттық өнерді жаңа белеске көтерді.





2013 жылы Астана қаласында «Астана-опера» ұлттық опера және балет театры ашылды.

Балет – хореографиялық бейнелер арқылы сипатталған сахналық өнердің түрі. Классикалық балеттің негізінде драматургиямен байланысқан уақиға желісі либретто арқылы баяндалады.

Балет Еуропа өнерінде XV–XVI ғасырларда сарай көрсетілімі ретінде Италияда пайда болды. Кейін ол Францияда сән-салтанатты ойын-сауық ретінде дамыды. Балеттің дербес сахналық өнер ретінде қалыптасуы XVIII ғасырдың 2-жартысында француз балетмейстері Ж.Новеррдің бетбұрыс жасауымен байланысты. Ресейде өркендеген балет өнеріне П.И.Чайковский өлшеусіз зор үлес қосты. Оның «Аққу көлі», «Ұйқыдағы ару», «Щелкунчик» («Шерткіш») атты туындылары – балет өнерінің жауһарлары.

Қазақ елінде XIX ғасырдағы сал-серілердің ән мен күй өнерлерінде би қимылдары жүзеге асты. Әншілер Берікбол Көпенұлы («Ағашаяқ»), Шашубай, күйші Тәттімбет әсем саз ырғағымен жылқыларды билетсе, Дәулеткерей мен Қазанғап «Ақжелең» бишіл күй ырғақтары арқылы жан дүние түкпірінде жатқан нәзік сезімдерін білдірді.

1934 жылы Алматы қаласында республикада тұңғыш хореография училищесі мектеп түлектерін қабылдай бастады. Ал Опера және балет театрының музыкалық студиясының жанынан балет тобы құрылды. Студияның алғашқы үйренушілерінің ішінде қазақтан шыққан тұңғыш кәсіпқой биші Ш.Жиенқұлова болды. Студиялықтар-



дың бірінші шығармашылық қадамы 1934 жылдың қаңтар айында Мұхтар Әуезовтің «Айман – Шолпан» музыкалы қойылымына (Жұмат Шанин қойған) қатысудан басталды. 1937 жылы Қазақстандағы алғашқы балет – В.Великановтың «Қалқаман – Мамыр» туындысы сахналанды.

1967 жылы Қазақ КСР халық артисі Болат Аюхановтың жетекшілігімен тағы бір өнер ұжымы шаңырақ көтерді. Ол әуелі «Алматының жас балеті», ал 2003 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік академиялық би театры болып қайта құрылды. Бұл ұжым классикалық балет миниатюраларымен бірге «Шопениана», «Кармен-сюита», «Болеро», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Шыңғыс хан», «Қыз Жібек» сияқты басқа да ұлттық, әлемдік хореографиялық бір актілі балеттерді орындап келеді. Сонымен бірге «Гүлдер», «Салтанат» би ансамбльдерінің репертуарын қазіргі эстрадалық хореографиялық билер құрайды.



2015 жылдың 11 наурызында Астанада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Орталық Азияда тұңғыш балет өнерінің жоғары оқу орны Қазақ ұлттық хореография академиясы ашылды.





1. А.Жұбанов және Л.Хамидидің «Абай» операсынан 4-актідегі Абайдың ариясын тыңдаңдар.
2. Бұл арияда Абай бейнесі қалай көрсетілген?
3. Абай партиясын қандай дауыс тембрі орындайды?
4. Абайдың ариясын шығарма дамуының шыңы деп айтуға бола ма?
5. Абай ариясын әртүрлі опера әншілерінің орындауында тыңда. Олардың орындалу мәнерлерін салыстыр. Ол туралы өз пікіріңді білдір.
6. В.Великановтың «Қалқаман – Мамыр» балетінен үзінді тыңда.
7. Мамыр рөлінің алғашқы орындаушысы – қазақтың тұңғыш бишісін ата.



Ермек Серкебаев
(1926–2013)

Ермек Серкебаев (1926–2013) – қазақ халқының әйгілі опера әншісі, лирикалық баритон, КСРО-ның халық артисі, Қазақстанның халық артисі, КСРО және Қазақстан Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, профессор, қоғам қайраткері.



1. Дж.Россинидің «Севиль шаштаразы» операсынан Фигаро ариясын тыңда.
2. Ермек Серкебаевтың орындауында қандай шығармаларды білесің?
3. Ермек Серкебаев репертуарынан ақпарат іздеп, тізім құр.





Шара Жиенқұлова
(1912–1991)

Шара (Гүлшара) Жиенқұлова – биші, педагог. Ол 1912 жылы маусымның 18-жұлдызында Верный (қазіргі Алматы) қаласында дүниеге келген. Е.Брусилловскийдің «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» операларында халық биін орындаған. Сонымен қатар, «Қалқаман–Мамыр» тұңғыш қазақ ұлттық балетінде Мамыр партиясын сомдады.

1. Қазақстан хореографиялық өнерінің қалыптасуы мен дамуына Шара Жиенқұлова қандай үлес қосты?

2. Шара Жиенқұлова шығармашылығы жайында ақпарат іздеп, ауызша қысқа хабарлама құрастыр (әңгіме, слайд-шоу дайындау).



1. Опералық шығарманың басты элементі не деп ойлайсың?

2. Операның құрамдас бөліктерін ата.

3. Орыс опера композиторларын ата.

4. «Қыз Жібек» операсының композиторын, алғашқы орындаушыларын ата.

5. Қандай туындылар қазақ операсының классикасына жатады?

6. Шара Жиенқұлова жайында әңгімеле.

7. «Астана-опера» жаңа опера және балет театры қай жылы ашылды?

8. Қазақстанның қандай хореографиялық ұжымдарын білесің?





БІРЖАН – САРА

операсының 1-бөлімінен хор

М.Төлебаев

Тойға тойы қосылсын жас Сараның,
Сарасына арнайды жастар әнін.
Көтерілген отауы құтты болсын,
Ұзақ жасап, ішінде сүйсін жарын.

Қайырмасы:

Жолы болсын Сараның,
Ақ маңдайы ашылсын.
Оңы менен солына
Інжу-маржан шашылсын.
Құтты болсын айтамыз
Құрбылардың атынан,
Бақытты бол, Саражан.



4-САБАҚ


ҚАЗАҚТЫҢ КӘСІБИ МУЗЫКАСЫ

Дәстүрлі күйшілік өнер

Сабақта:

1. Қазақ халқының кәсіби күйшілік өнерімен танысамыз;
2. Дәстүрлі күйшілік мектептер жөнінде білеміз;
3. Музыкалық терминдерді түсініп, үйренеміз;
4. Тәттімбет және Құрманғазының күйлерін тыңдаймыз;
5. Төкпе және шертпе күйге салыстырмалы талдаулар жасаймыз;
6. Тақырып бойынша сұрақтарға жауап береміз.

Қазақ халқының кәсіби музыкасының негізі ертеректе қалыптасқан. Әсіресе XIX ғасыр қазақ халқының өнерінде «алтын ғасыр» деп аталады. Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап, Сүгір, Дина сынды дәулескер күйшілер осы ғасырда туып, қазақ өнерінің аспаптық музыка саласын дамытқан. Қазақ даласында ғасырлар бойы аймақтық, орындаушылық ерекшеліктеріне, тағы да басқа сипаттарына байланысты жеті түрлі күйшілік дәстүрлер мен мектептер қалыптасқан және олар сол аймақтардың, өңірлердің атымен аталады. Олар: Шығыс, Арқа, Қаратау, Жетісу, Сыр бойы, Батыс және Маңғыстау күйшілік дәстүрлері. Күйлер, негізінен, үш аспапта – домбыра, қобыз, сыбызғыда орындалған. Соның ішінде, дәстүрлі қазақ музыкасының мейлінше кең таралған саласы – домбыра күйлері. Сонымен қатар домбырада күй тартудың негізгі екі жүйесі қалыптасқан. Шығыс Қазақстандық **шертпе күй дәстүрі** және Батыс Қазақстандық **төкпе күй дәстүрі**. Шертпе күйшілік дәстүр Шығыс, Арқа, Қаратау, Жетісу өңірлеріне тән (Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстары). Төкпе күйшілік дәстүр Батыс, Сыр бойы, Маңғыстау аймақтарында қалыптасқан (Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау облыстары). Күй жанры XIX ғасырда өз дамуының шырқау шыңына көтерілген. *«Жалпы, музыка атаулы нәрсе елдің ішкі сезім байлығын білдіретін болса,*



соның ішінде ең толғаулысы, ең сырлысы – күй», – деп заңғар жазушы М. Әуезов айтқандай, күй – халқымыздың музыкалық қазынасының ең бір мол саласы.



**Төпке күй
домбырасы**



**Шертпе күй
домбырасы**



1. Бейнежазба немесе үнтаспадан Тәттімбеттің «Саржайлау» және Құрманғазының «Балбырауын» күйлерінен үзінді тыңдаңдар.
2. Орындаушылық мәнері мен әуендік ерекшеліктерін салыстырыңдар.
3. Күйдің қай нұсқасы ұнайды және не себепті?



**Тәттімбет
Қазанғапұлы**
(1815–1862)

Тәттімбет Қазанғапұлы – күйші-композитор, домбырашы, Сарыарқа күйшілік дәстүрінің ең көрнекті тұлғасы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Ол 1815 жылы бұрынғы Семей губерниясы Қарқаралы өңірінің Мыржық тауының етегіндегі Қызылжал қыстауында (қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы) дүниеге келген. Әкесінің інісі Әлі асқан күйші болмағанымен, өз төңірегінің назарына іліккен домбырашы болған. Тәттімбетке домбыраны бала кезінде осы Әлі үйретеді. Тәттімбет –




ел арасында сері атағына ие болған өнерпаз. Бұл туралы академик Ахмет Жұбанов: «Тәттімбеттің жасынан «сері» атануы да, тек талантының ерте көрінуінен емес, бір жағынан әдемі киініп, атының ертұрманын, нота-жүгенін, құйысқан-өмілдірігін әшекейлетіп, күміс шаптырып, ал аттың жабуын кестелетіп, зерлетіп – осындай неше алуан сахара жағдайында «қызылды-жасылды» болып жүруі, оны артист етіп көрсеткен», – деді.

ҚОСБАСАР

Асықпай, толғана

Тәттімбет



**Құрманғазы
Сағырбайұлы**
(1818/1823–1889/1896)

Төкпе күй дәстүрінің көрнекті өкілдерінің бірі, қазақтың аспаптық музыка өнерінің классигі **Құрманғазы Сағырбайұлының** туып-өскен жері – Бөкей хандығы, қазіргі Орал облысының Жаңақала ауданына қарасты Жиделі деген жер. Құрманғазы – қазақ музыка тарихында ерекше орны бар аса ірі тұлға. Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрінің ең көрнекті тұлғасы, күй атасы атанған, әлемдік өредегі алып композитор. Құрманғазының алғашқы ұстазы Ұзақ деген күйші болған. Құрманғазы күйлері өмірбаяндық негізге құрылған. Оның күйлері – өз өмірінің шежіресі сияқты. Олар – нақты болған оқиғаларға байланысты шығарылған, әрқайсысының тарихи негізі бар туындылар.

Құрманғазы күйлерінің құрылымы негізінен буындық жүйеге құрылған. Бас буын, орта буын, кіші саға, үлкен саға.



АМАН БОЛ, ШЕШЕМ, АМАН БОЛ

Орташа, сөйлете

Құрманғазы



1. Шертпе күйдің орындаушылық ерекшелігі қандай?
2. Төкпе күйдің орындаушылық ерекшелігі қандай?
3. Құрманғазының ұстазы кім болған?
4. Халық аспаптары оркестрінде қандай аспаптың үнін естідің?
5. Тәттімбет күйлерін тыңда және олардың шығу тарихын біл.
6. Шертпе күйшілер жөнінде мәліметтер іздестір.

5-САБАҚ

ҚАЗАҚТЫҢ КӘСІБИ МУЗЫКАСЫ

Дәстүрлі әншілік өнер

Сабақта:

1. Қазақ халқының ауызша-кәсіби әншілік өнерімен танысамыз;
2. Дәстүрлі әншілік мектептердің көрнекті өкілдері туралы білеміз;
3. Музыкалық терминдерді түсініп, үйренеміз;
4. Біржан сал, Мұхит Мералыұлы және Кенен Әзірбаевтың әндерін тыңдаймыз және айтамыз;
5. Тыңдалған әндерге талдаулар жасаймыз.



Ән – халқымыздың тыныс-тіршілігімен ықылым заманнан бері біте қайнасып келе жатқан, тұрмыс-салтымызда ерекше орын алатын өнер. Әсіресе, қазақтың ауызекі түрде дамыған кәсіби ән өнері XIX ғасырдың екінші жартысында айрықша көркем құбылыс ретінде қазақ даласының әр өңірінде оқшауланып, әр аймақта тек сол өлкеге тән өзіндік ерекшелігімен дараланды. Алтайдан Атырауға дейінгі ұлан-ғайыр жерімізде әншілік дәстүр әуендік, орындаушылық ерекшеліктеріне байланысты бірнеше өлкелік мектептер болып қалыптасты. Атап айтқанда, Алтай-Тарбағатай, Арқа, Жетісу, Сыр бойы, Батыс Қазақстан әншілік, орындаушылық дәстүрлері. Арқа әншілік мектебі – Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Естай, Мәди, Майра т.б., ал Сыр бойы – Жиенбай, Нұртуған, Нартай әншілік-жыршылық мектебі, Жетісуда Сүйінбай, Жамбыл, Кенен, Дәнеш сияқты ақын-жыршы, әнші-композиторлардың шығармашылық мұралары өзіндік қолтаңбаларымен ерекшеленеді, Батыс әншілік мектебін ерекшелейтін Махамбет, Мұхит – жеке дара орындаушылық дәстүр болса, Маңғыстау жырлары және жеті қайқы әндері өзінше бөлек салаға бөлінеді. Сонымен қатар еліміздің шығыс өңірінде өзіндік ерекше нақышпен, жаңашыл бағытта қалыптасқан Абай және оның ақын, әнші шәкірттері Шәкерім, Ақылбай, Әсет, Уәйіс, Берікбол, Мұхамеджан, Шәкір Әбенев сияқты әнші-композиторлардың әншілік үрдісі өз алдына айрықша мектеп болып табылады.



**Біржан сал
Қожағұлұлы**
(1834–1897)

Қазақ халқының әншілік дәстүрінің кәсіби қалыптасуы сал-серілік өнермен тығыз байланысты болды. Арқа әншілік мектебінің негізін қалаушылардың бірі, сал-серілік дәстүрдің көрнекті өкілі – әнші, композитор, ақын **Біржан сал Қожағұлұлы** 1834 жылы қазіргі Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданында дүниеге келген. Бозбала кезінен ел арасында әншілігімен көзге түсіп, жасы жиырмаға таяған кезде ән шығара бастаған. Біржан салдың дауысы өте зор, жеті қырдан асатын болған. Әнші-ақындардың қасына еріп, той-думанның сәніне айналады. Өз атына «сал» атауы қосарланып айтылатын болды.





1. Біржан салдың «Он саусақ», Мұхит Мералыұлының «Айнамкөз», Кенен Әзірбаевтың «Туған жер» әндеріне сипаттама беріңдер.

2. Әндердің орындаушылық мәнерлерін салыстырыңдар.



**Мұхит
Мералыұлы**
(1841–1918)

Еліміздің батыс өңіріндегі әншілік мектептің қалыптасуына ықпал еткен ерекше дарын иесі **Мұхит Мералыұлы** болды. Мұхиттың арғы аталары төрелерден тарайды. Мұхит әндері – биік регистрде орындалатын кең ауқымды, өршіл әндер. Орындаушыдан табиғи дарынды, арнайы дайындықты қажет етеді. Оның шығармашылығы, орындаушылық ерекшеліктері өз алдына дара мектеп болып қалыптасты. Мұхит әндерінің диапазон кеңдігі, әннің ішкі табиғаты, ән характерін ашуда домбыра сүйемеліндегі айрықша қағыстары оның орындаушылық мектебін анықтайды. Әнші-композитор, ақын, күйші-домбырашы Мұхит (Мұхамбеткерей) Мералыұлы 1841 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Ақбақай ауылында дүниеге келген. Сол жерде 1918 жылы дүниеден өтті.



Кенен Әзірбаев
(1884–1976)

Жетісу әншілік дәстүрінің көрнекті тұлғасы **Кенен Әзірбаев** 1884 жылы қазіргі Жамбыл облысы Қордай ауданының Мәтібұлақ деген жерінде дүниеге келген. Өке-шешесінің өнерін құлағына құйып өскен Кенен шешесінен ерте айырылып, жетім қалады. Ең алғашқы шығармаларының бірі – «Бозторғай» әні. Кененнің әншілік, композиторлық, ақындық өнері жөнінде көп деректер жазылған.





1. Сал-сері деп қандай адамды айтамыз?
2. Кенен Әзірбаев қандай әншілік дәстүрдің өкілі болып саналады?
3. Кененнің әншілігінен басқа қандай өнері болды?
4. Біржан сал, Кенен Әзірбаев жөнінде қосымша мәліметтер іздестіріңіз.
5. Мұхит әндерін Ғарифолла Құрманғалиевтің орындауында тыңдаңыз.
6. Халықтық мәнерде ән шығаруға талпыныс жасап көріңіз.
7. Венн диаграммасы арқылы композиторлар шығармашылығын салыстырыңыз.



ТУҒАН ЖЕР

Кенен Әзірбаев

Туған жер, тауың да ыстық, тасың да ыстық,
Туған жер, бауырың да ыстық, басың да ыстық.
Тоғайың, топырағың аунап өскен,
Тобылғың, төбелерің қандай ыстық.

Қайырмасы:

Туған жер, туған жер,
Балапан, көбелек қуған жерім-ай!


Туған жер, сай мен сала аймағында,
Ән шырқап қазақ, қырғыз жайлауында.
Салқын су, самал желі жұпар аңқып,
Менің де әсер бердің сайрауыма.



6-САБАҚ**ҚАЗАҚТЫҢ КӘСІБИ МУЗЫКАСЫ****Жазбаша кәсіби музыка****Сабақта:**

1. Қазақстанның кәсіби академиялық музыкасының жанрларымен танысамыз;
2. Қазақстанның симфониялық, фортепианолық және вокалды музыка жазған композиторларымен танысамыз;
3. Симфониялық күй жанры туралы дерек аламыз;
4. Қазақстан композиторларының симфониялық, фортепианолық және вокалдық шығармаларын тыңдаймыз;
5. Б.Байқадамовтың «Домбыра» әнін үйренеміз;
6. Қазақ фортепиано музыкасының іргетасын қалаған және қазақтан шыққан тұңғыш пианист жайында мағлұмат аламыз.


Қазақтың академиялық кәсіби музыкасының қалыптасуы ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастау алады. Қазақстан композиторлары симфониялық увертюра, симфониялық поэма, симфониялық сюита жанрларын игеріп, ХХ ғасырдың 30–40-жылдарындағы бұл бағыттағы шығармалардың әуендік негізі халықтық дайын әуендерге сүйенді. Осы кезеңнің симфониялық музыкасына Е.Брусилловский, А.Жұбанов, М.Төлебаев зор үлес қосты. Күйдің дүниетанымдық, философиялық заңдылықтары мен заманауи тәсілдердің үйлесімі Ғ.Жұбанованың «Жігер» симфониясынан көрініс тапқан. Бес бөлімінің әрқайсысында ұлы сазгер Дәулеткерейдің күйлері шығарманың басты идеясын – адам тағдыры мен жеке тұлғаның өмір күйзелістерін жеңуін жеткізеді. Симфонияның 4-бөліміндегі шарықтау шыңында «Жігер» күйі орган аспабымен орындалады. Бұл тәсіл арқылы симфонияның басты идеясы бүкіл әлемдік сипат алады. Қазақстан симфониялық музыкасының жаңа белесі симфониялық күй жанрының туындауымен байланысты. Е.Рахмадиевтің «Дайрабай» және «Құдаша-думан» симфониялық



күйлері – төкпе күй құрылымының негізінде симфониялық оркестрмен орындалған шығармалар. XX ғасырдың 60–70-жылдарынан бастап Қазақстанның симфониялық туындыларында бірнеше ұлттық мектептер дараланды. Олар қазақ, орыс, ұйғыр, дүнген, корей, т.б. Әсіресе ұйғыр мектебінің көрнекті өкілі Құддыс Қожамияров пен дүнген симфониялық музыкасының негізін салушы Бәкір Баяхунов сынды композиторлар осы бағыттағы музыкаға зор үлес қосты. Олардың туындыларында симфонияның заңдылықтары өз халықтарының дәстүрлі музыкасының көркем тіл жүйесімен үйлесім табады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФОРТЕПИАНО МУЗЫКАСЫ

Фортепиано өнерінің қазақ даласындағы тарихы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Бөкей ордасында Жәңгір ханның жұбайы Фатима ханым рояль аспабында ойнағандығын ресми құжаттар дәлелдейді. Бүгінгі таңда Қазақстандағы фортепиано музыкасының тоқсан жылдық тарихы бар. Ол 700-ден астам фортепианоға арналған шағын шығармалар, соната, вариация, концерт сынды көлемді шығармалардан құралады. XX ғасырдағы қазақтан шыққан алғашқы кәсіби пианист – Гүлжауһар Шомбалова. 1920–1930 жылдардағы алғашқы кезең А.Затаевич пен А.Жұбановтың халық әуендерін фортепианоға лайықтауынан басталды. А.Затаевич қазақтың 250 әні мен күйін ел ішінен жинап, 60-тан астам күйді фортепианоға лайықтады. Оның жолын Е.Брусиловский, Д.Мацуцин, Б.Ерзакович, Н.Меңдіғалиев жалғастырды. Әсіресе, күй тартыс дәстүріне жақын жеке орындаушы мен оркестрдің бәсекесіне құралған фортепианолық концертке қалам тартқан: Н.Меңдіғалиев, С.Еркімбаев, А.Серкебаев, Т.Қажығалиев, Ғ.Жұбанова. М.Сағатов, Б.Жұманиязов сынды композиторлар оған елеулі үлес қосты. 70–80-жылдары Қазақстан фортепиано музыкасында соната, вариация, концерттер жазылды. А.Жұбановтың «8 қазақ биінің» «Ақсақ құлан», «Қыз Ақжелең», «Қызыл қайың», «Саранжап» бөлімдеріне Құрманғазы мен Дәулеткерейдің аттас күйлері негіз болды. Бүгінгі таңда Жәния Әубәкірова, Гүлжәмила Қадырбекова, Теміржан



Ержанов, Гүлжан Үзенбаева сынды өнер майталмандары қазақтың фортепианолық өнерін әлем сахналарына паш етуде.

ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАРЫНЫҢ ӘН-РОМАНСТАРЫ

XIX ғасырда дамуы биік шыңға жеткен қазақтың ән мәдениеті XX ғасырда өз жалғасын тауып, жаңа белеске көтерілді. Ол XX ғасырдың 30–40-жылдарында ел ішінен халық әндерін жинап, фортепиано сүйемелдеуімен орындалатын вокалды өңдеулер жасаған А.Затаевич, Б.Ерзакович, М.Төлебаев, Л.Хамидидің туындыларынан басталды. XX ғасырдың 50–60-жылдарында қазақ романсының классикалық үлгісін Мұқан Төлебаев қалыптастырды. Оның Ұлы Отан соғысы жылдарында шығарған «Тос мені, тос», «Кестелі орамал» романстары – осы бағыттың үздік үлгісі. Вальс жанры Қазақстан музыкасында Л.Хамидидің есімімен байланыстырылады. Оның «Қазақ вальсі», «Көктем вальсі», «Бұлбұл» әндері қазақ әндерінің «алтын қорына» қосылды. Л.Хамидидің жолын «вальстің королі» атанған Шәмші Қалдаяқов жалғастырды.



1. Н.Меңдіғалиевтің «Домбыра туралы аңызын» тыңда.
2. Бұл туындыға сипаттама бер, музыка ырғағының ерекшелігін қалай түсіндірер едің?
3. Б.Төлегенованың орындауында Л.Хамидидің «Бұлбұл» әнін тыңда.
4. Қалай ойлайсың, бұл туындыда музыка нені бейнелеп тұр?
5. М.Төлебаевтың «Кестелі орамал» романсын тыңдаңдар.
6. «Романс» тақырыбына синквейн ойлап табыңдар.





Гүлжауһар Шомбалова
(1919–1958)


Гүлжауһар Шомбалова – қазақтан шыққан тұңғыш пианист, музыкатанушы, өнертану кандидаты. Ол – ноғай-қазақ биі, Жәңгір ханның жақтасы Шомбал Ниязовтың қызы. 1919 жылдың 20 желтоқсанында Орал облысының Жәнібек ауданында туды. 1935 жылы музыкалық техникумға түсті, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақ өнерінің онкүндігіне қатысты. 1940 жылы оқуын үздік тамамдаған соң, осы оқу орнында ұстаздық етті. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында өнерімен жауынгерлердің рухын көтерген Г.Шомбалова бірнеше дүркін төсбелгілермен марапатталды.

1943 жылы Алматыдағы «Мосфильм» мен «Ленфильм» киностудиялары түсірген «Домбыра үнімен» атты Күләш пен Қанабек Байсейітовтер, Шара Жиенқұлова, Жамал Омарова, т.б. қатысқан фильм-концертке түсті. 1944 жылы Алматы консерваториясына музыкатану мамандығына түсіп, әрі бұл оқу орнында фортепиано сабағының оқытушысы болып қабылданады да, оқуын П.Чайковский атындағы Мәскеу консерваториясында аспирантурада жалғастырып, ғылыми зерттемесін қазақ музыкасын ХІХ ғасырда зерделеген орыс ғалымдары мен саяхатшыларының еңбектеріне арнады (1955 жылы кандидаттық диссертация қорғады). Г.Шомбалова 39 жасында дүниеден өтті.



Нағым Меңдіғалиев
(1921–2006)

Нағым Меңдіғалиев – қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби пианист әрі композитор, фортепианоға арналған алғашқы концерттердің авторы, фортепианолық ұлттық музыканың негізін салушы.





ДОМБЫРА

Бақытжан Байқадамов

Бұл домбыра тоғыз перне тағылған,
Аққан судай серпіп, шалқып ағылған.
Тарта білсең дұрыс қойып,
Дұрыс қойып тиегін,
Кеңітеді көңілдің көк,
Көңілдің көк жиегін.

Бұл домбыра тартып сырды жүректен,
Талай ғасыр махаббатты жыр еткен.
Қоссаң әнге ашылады,
Ашылады көңілің
Құлпырады гүл-гүл жайнап,
Гүл-гүл жайнап өмірің.

Бұл домбыра бұлбұл құстай сайраған,
Ұлы күшке қуатыңды қайраған.
Күлкісіндей жанға тәтті,
Жанға тәтті қалқаның.
Сол себептен домбырамды,
Домбырамды тартамын.



1. І.Есенберлиннің өлеңіне жазылған Б.Байқадамовтың «Домбыра» әнін аудиотаспадан тыңда.
2. Әннің ырғақтық өрнегін шулы аспаппен немесе шапалақтап көрсет.
3. Әннің қайырмасындағы дыбыстық иірім домбырада тартудың қай (шертпе әлде төкпе) тәсіліне жақын?



7-САБАҚ**ЖОБАНЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ****Сабақта:**

1. Жобаның тақырыбын анықтау;
2. Жобаның жұмыс жоспарын құрып үйрену;
3. Ақпаратты іздеп үйрену;
4. Жобаны жүзеге асыруды үйрену;
5. Топта жұмыс жасап үйрену.

Тапсырма:

1. Бірнеше топқа бөлініп, өтілген тақырыптарға сай ұсынылатын жобаларды таңдаңдар: «Орган музыкасы», «Симфониялық музыка», «Опера және балет өнері», «Қазақтың ауызекі кәсіби музыкасы», «Қазақтың жазбаша кәсіби академиялық музыкасы».

а) Жобаның мақсатын анықтау.

ә) Жоба тақырыбына сәйкес әртүрлі деректерден ақпарат іздеңдер.

б) Жобаның жұмыс жоспарын құрыңдар.

в) Топта жоба тақырыбын талқылаңдар.

2. Тоқсан бойы үйренген бір әнге интерпретация жасау.

3. «Біздің сыныптағы бір күн» шағын сахналық-музыкалық қойылым дайындау.

Үлгі:

Жоба тақырыбы: «Орган музыкасы» (1-нұсқа)


Жоба мақсаты: органға арналған шығармалармен танысу.

Міндеттері:

- орган шығармалары жайында материалдар табу;
- орган шығармалары жайында слайд дайындау;
- орган музыкасы жайында баяндамаға дайындалу.

Жұмыс нәтижелері:

- орган музыкасы бойынша шығарма тыңдатып әрі тұсаукесер дайындау.



Жоба тақырыбы: «Орган музыкасы» (2-нұсқа)

Жоба мақсаты: әртүрлі елдерде бар ең әсем органдармен таныстыру.

Міндеттері:

- орган жайында материалдар табу;
- ең әсем органдарды бейнелеген слайдтарды дайындау;
- әлем шіркеулеріндегі органдарды бейнелеген слайдтармен баяндама жасап дайындалу;

Жұмыс нәтижелері:

- алуан түрлі органдарды көрсететін тұсаукесер дайындап, шығармаларды тыңдату.

Жоба тақырыбы: «Симфониялық музыка»

Жоба мақсаты: Вена классиктерінің симфонияларымен (Гайдн, Моцарт, Бетховен) таныстыру.

Міндеттері:

- аталған авторлардың біреуінің симфониялары жайында мәлімет табу;
- симфония жайында шағын әңгіме дайындау;
- музыкалық материал (симфониялардан үзінді) дайындау;

Жұмыс нәтижелері:

- симфония музыкасынан үзінділер және ол шығармалар туралы әңгіме дайындау.

Жоба тақырыбы: «Балет және опера өнері»


Жоба мақсаты: опера (балет) шығармаларымен танысу

Міндеттері:

- опера (балет) жайында мәлімет табу;
- опера (балет) туралы тұсаукесер дайындау;
- музыкалық материал (опералар мен балеттерден үзінді) дайындау;

Жұмыс нәтижелері:

- опералық (балет) музыканың үздік шығармаларын тыңдау әрі тұсаукесер дайындау.



8-САБАҚ

ЖОБА НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНЫСТЫРУ

Сабақта:

1. Өз жұмысымыздың нәтижелерін көрсетуді үйренеміз;
2. Өз жұмысымызды және сыныптастар жұмысын бағалаймыз;
3. Өз жұмысымызды жетілдіріп үйренеміз.

Үлгі:

Жоба тақырыбы: «Опера өнері. Әнші Ермек Серкебаев»

Жоба мақсаты: көрнекті опера әншісі Ермек Серкебаев шығармашылығымен танысу.

Жоба түрі: топтық жұмыс.


Пайдаланылған дереккөздер: әдебиеттер, желі ресурстары, аудио және бейнематериалдар.

Әншімен танысу:

Ермек Серкебаев (1926–2013) – қазақ халқының әйгілі опера әншісі, лирикалық баритон, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (КСРО) халық артисі, Қазақстанның халық артисі, КСРО және Қазақстан Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, профессор, қоғам қайраткері. 1951 жылы Алматы консерваториясының вокалдық факультетін (Курганов класы бойынша) бітірді. 1947 жылдан Қазақтың опера және балет театрының әнші-солисі. Тұңғыш орындаған партиясы – Абай (А.Жұбанов пен Л.Хамидидің аттас операсында). Таңдаулы партиялары: Қожағұл (М.Төлебаевтың «Біржан-Сарасы»), Тарғын (Е.Брусиловскийдің «Ер Тарғыны»), Евгений Онегин, Мазепа (П.Чайковскийдің аттас операларында), Эскамильо (Ж.Бизенің «Карменінде»).

Тыңда және талда:

С.Мұхамеджанов. «Айсұлу» операсынан Серке каватинасы.



Бірге талқылаңдар:

Музыка авторы мен орындаушы қандай картинаны бейнелегісі келді?

Бұл шығарманың сипаты қандай?

Олар қалай көрсетіледі?


Әнші Россинидің «Севиль шаштаразындағы» Фигаро партиясын үлкен шабытпен үздік орындайтын. Бұл партия әрі қарай Ермек Серкебаевтың айнымас әншілік қолтаңбасына айналды. Ол Кеңес Одағының «ең жақсы Фигаросы» деп аталды. Серкебаев камералық және эстрадалық әнші ретінде де белгілі, киноға да түскен. Гастрольдік сапармен шетелдерде өнер көрсетті.

Тыңда және талда:

Дж.Россини – «Севиль шаштаразы» операсынан Фигаро ариясы.

Бірге талқылаңдар:

Кинофильмдердегі Е.Серкебаевтың қандай әндері танымал? (Мысалы, Шәкен Аймановтың «Біздің сүйікті дәрігер» кинофильміндегі «Надо мной небо синее». Музыка авторы – А.Зацепин, өлеңі Я.Зискиндікі.)



II ТОҚСАН

ЗАМАНАУИ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Танысасың:


- эстрадалық музыкамен;
- заманауи музыкалық жанрлармен;
- джаз музыкасымен.

Музыкалық сауат:

- стильдер мен бағыттар;
- жанрлар;
- құрылымдар.

Терминдер мен ұғымдарды білесің:

эстрада	рок-музыка
поп-музыка	электрондық музыка
соул	хип-хоп
француз шансоны	рэп
шансонье	джаз
рок-музыка	спиричуэлс
мюзикл	свинг
рок-опера	би-боп
рок-н-ролл	ориентал-джаз
ТВИСТ	



9-САБАҚ

ЭСТРАДАЛЫҚ МУЗЫКА


Шет ел эстрадасы



Сабақта:

1. Эстрадалық музыкамен танысамыз;
2. Поп-музыка, француз шансоны және рок-музыка ерекшеліктерін білеміз;
3. Музыкалық терминдерді түсінуді үйренеміз;
4. Эстрадалық музыка үлгілерін тыңдаймыз;
5. Тыңдалған шығармаларға салыстырмалы талдау жасаймыз;
6. Л.Марченконың «Я учу английский» әнін үйренеміз;
7. Поп және рок музыканың танымал орындаушыларымен танысамыз.

Эстрадалық музыка – сахна өнерінің концерттік-сауықтық түрі. Ол кең аудиторияға арналған. Әсіресе, ХХ ғасырда музыкалық өнердің осы түрі кең ауқымда дами түсті. Эстрадалық әндер тек қана ойын-сауыққа құрылмаған. Мәселен, эстрадада азаматтық әндер, патриоттық, бейбітшілік үшін күрес және тағы басқа тақырыптардағы әндер баршы-



лық. Мысалы, И.О.Дунаевский, В.П.Соловьев-Седой, М.И.Блантер, А.Н.Пахмутова, Д.Ф.Тухманов және басқа да композиторлардың әндері де кеңінен танымал.

М.Матусовскийдің өлеңіне жазылған В.П.Соловьев-Седойдың «Подмосковные вечера» әні бүкіл әлемге белгілі. Композитор Дмитрий Борисович Кабалевский «Подмосковные вечера» әні жөнінде: «Бұл ән бізге танымал, ерекше интонациялардан құрылған және бұл – композитордың өте сәтті туындысы. Сонымен қатар композитор бұл әнде өз заманының үнін дәл тауып, ести білген», – дейді.



«Подмосковные вечера» әнінің әуені әлемде жиі орындалғандықтан, «Гиннестің рекордтар кітабына» енген. Ән 1957 жылы жазылған.



1. «Подмосковные вечера» әнін әртүрлі тілдерде тыңдаңдар: жапон тілінде – BONY JACKS, француз тілінде – Мирей Матье, орыс тілінде – Дмитрий Хворостовский және Анна Нетребко орындауларында.

2. Әртүрлі орындауларды салыстырып, өз ойыңды айт.

3. «Подмосковные вечера» әні не себепті әлемдегі көптеген адамдардың жүрегінен орын алды?

4. Әннің тақырыбына синквейн құрастыр.

Сонымен қатар эстрада өнерінде **поп-музыка** жеке жанр (бағыт) болып табылады. Ағылшын тілінен аударғанда pop-music, popular music – танымал музыка дегенді білдіреді.

Америкада эстрада джазбен тығыз байланысты болды (мысалы, Фрэнк Синатраның шығармашылығы). АҚШ-тың поп-музыкалық сахнасының маңызды бөлігі соул жанрын орындаушылардан тұрады (Джон Уолтер, Уитни Хьюстон, Рей Чарльз). Америкалық ең танымал поп бағытындағы әншілер – Мадонна, Бритни Спирс, Шер, Тина Тер-



нер, Мэрайи Кэри, Кристина Агилера, Уитни Хьюстон, Рианна, Селена Гомез және басқалар.

Француздардың сахнасында поп музыканың барлық бағыттары бар. Ерекше ұлттық жанры – француз шансоны болып табылады.

Заманауи музыка мәдениетінде *шансон* деп атақты француз музыкасын атайды, ол француз тілінің ерекше ритмикасын сақтайды және ағылшын тілінің ықпалымен жазылған әндерден ерекшеленеді. Шансонның жұлдыздары – Джордж Брассенс, Эдит Пиаф, Джо Дассен, Жак Брель, Шарль Азнавур, Мирей Матьё, Патрисия Каас, т.б. Француз шансондарының орындаушыларын әдетте *шансонье* деп атайды.

1970 жылы «диско» стилі пайда болды. ABBA, Boney M, Bee Gees және басқа да топтар шықты. Бүгінгі таңдағы эстрадалық музыка қатарына заманауи рок-музыканы да жатқызуға болады. Рок музыканың басты ерекшелігі – жеке және ансамбльдік орындаушылықты (топ) қолдану болып табылады. Мәтінде өзіндік мазмұн болады. Ансамбль мүшелері немесе топтар аспапшылар мен әншілердің функциясына көп қосыла бермейді. Рок-музыка джаз музыкасынан ырғақтық құрылым, дыбыстау мәнері жағынан ерекшеленеді.

Ресейде рок-музыка элементтері вокалды-аспаптық ансамбльдер шығармашылығында көрініс тапты.



Я УЧУ АНГЛИЙСКИЙ

Әні мен өлеңін жазған – Л.Марченко

1. На тонких каблучках ходила «Cat».
От солнца нежно млела и тихо песню пела
Пушистая красавица «Cat».
За ней наблюдал старый «Dog»,
В бинокль наблюдал старый «Dog».
Он ненавидел кошек, мышей, сороконожек...
Но спрыгнуть с балкона не мог!
Қайырмасы:
Путь совсем не близкий, я учу английский,
Познавая мир едва.



«One, two, three, four, five, six, seven, eight» и «nine, ten»
Вот такие там слова!

2. А вот идет с портфелем мальчик «boy»!
Он самый сильный в классе, он ковбой!
Он был бы суперменом, для всех детей примером...
Но мальчик наш пока лишь «little boy».
За мальчиком следила строго «gerl»,
Как детектив, следила строго «girl».
Очки она надела - Кому какое дело?
Следила, чтобы мальчик в школу шел!
Қайырмасы:
Путь совсем не близкий, я учу английский,
Познавая мир едва.
«One, two, three, four, five, six, seven, eight» и «nine, ten»
Вот такие там слова!

3. Но вот случилась страшная беда.
Вдруг прыгнул «dog» с балкона и тогда!
«Cat» громко закричала: «Давай дружить сначала,
Не будем больше драться никогда!»
И добрый мир мелодию свою
Им наиграл, а я её храню!
А «boy» и «gerl» смутились... и вмиг они влюбились...
В английский, напевая «I love you»!

Қайырмасы: «I love you, английский» 3 рет
«I love you»!

1. Әнді ұнтаспадан тыңда.
2. Мәтінді мәнерлеп оқы.
3. Әннің ырғағын алақанмен соғып көрсет.





**Майкл Джозеф
Джексон**
(1958–2009)

Майкл Джексон – Америка әншісі, әндер авторы, музыкалық продюсер, өңдеуші, биші, хореограф, актёр, сценарист. Поп-музыка тарихындағы ең танымал орындаушылардың бірі, «Поп-музыка патшасы» деп танылған, 15 «Грэмми» жүлдесінің және басқа да жүздеген жүлделердің иегері.



1. «We Are The World» әнін тыңдаңдар.
2. Әннің мәтінін орыс және ағылшын тілдерінде мәнерлеп оқыңдар.
3. Әннің негізгі айтар ойы қандай?
4. Майкл Джексон жөнінде ақпарат табыңдар және шағын ауызша мәлімет құрастырыңдар (әңгіме, таныстырылым).



There comes a time
when we hear a certain call
When the world must come together as one
There are people dying
And it's time to lend a hand to life
There greatest gift of all
We can't go on pretending day by day
That someone somewhere will soon
make a change
We are all a part of God's great big family
And the truth, you know,
Love is all we need
We are the world, we are the children




We are the ones who make a brighter day
 So let's start giving
 There's a choice we're making
 We're saving our own lives
 It's true we'll make a better day
 Just you and me

Приходит время,
 когда мы слышим некий призыв
 Миру объединиться в одно целое...
 Люди умирают...
 Время протянуть руку к жизни...
 Величайший дар...
 Мы не можем притворяться изо дня в день,
 Что скоро что-то изменится...

Все мы – часть большой Божьей семьи,
 На самом деле все
 Что нам нужно – это любовь
 Мы – мир... мы – дети...
 Мы те, кто делает жизнь светлее...
 Так давайте же...
 Мы делаем выбор...
 Мы спасаем свои жизни...
 Это правда, мы сделаем жизнь лучше,
 Только ты и я...



1. «Эстрада» сөзінің мағынасы нені білдіреді?
2. «Поп-музыка» атауы ағылшын тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді?
3. «Шансон» және «шансонье» дегеніміз не?
4. Рок-музыка өнердің қандай түріне жатады?
5. Шансонның белгілі орындаушыларын атаңдар.
6. Американың белгілі поп-музыка орындаушыларын атаңдар.




10-САБАҚ

ҚАЗАҚ ЭСТРАДАСЫ

**Сабақта:**

1. Қазақ эстрадасының ағымдарын білеміз;
2. Эстрадалық музыка саласында жұмыс істейтін композиторлар және орындаушылармен таныс боламыз;
3. Қазақстандық топтармен танысамыз;
4. Жамал Омарова және Роза Бағланованың әндерін тыңдаймыз;
5. Тыңдалған шығармаларды салыстырып, талдаймыз;
6. Ұ.Есдәулетовтің өлеңіне жазылған Т.Мұхамеджановтың «Заманай» әнін үйренеміз.

Қазақ эстрадасының дамуы үш тарихи кезеңге жіктеледі: Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде XVIII–XIX ғасырларда өмір сүрген күлдіргі өнерпаздар қалжың, сықақ арқылы адам бойындағы қулық, сараңдық, күншілдікті әшкерелеп, оны ән-өлең, айтыс үлгісінде жеткізді. Тойларда танылған шаншарлар – Айдарбек, Молдабай, Тонтай, т.б. кейін XX ғасырдың басында көпшілікке арналған әндерде жалғасын тапты. Кәсіби сипаттағы қазақ эстрадасының қалыптасуы 1965 жылы Гүлжиһан Ғалиева ұйымдастырған эстрада-цирк өнері студиясының ашылуымен байланысты. Бұл кезеңнің дамуына елеулі үлес қосқан



композиторлар – А.Жұбанов, Е.Брусилловский, Л.Хамиди, әншілер – Жамал Омарова, Рахия Қойшыбаева, Суат Әбусейітов, Роза Бағланова, ағайынды Абдуллиндер, т.б. 50–80-жылдарда кәсіби сипатқа ие болған қазақ эстрадасы Бақытжан Байқадамов, Әбілахат Есбаев, Шәмші Қалдаяқов, танымал лирикалық әндердің авторлары Нұрғиса Тілендиев, Ескендір Хасанғалиев, Әсет Бейсеуов, Сейдолла Бәйтерекөв шығармаларымен және әншілер Зейнеп Қойшыбаева, Сара Тыныштығұлова, ағайынды Мұсабаевтар, Нұрғали Нүсіпжанов, Алтынбек Қоразбаев, Роза Рымбаева, Бағдат Сәмединова, Нұрлан Өнербаев, Ақжол Мейірбеков, Мақпал Жүнісова, Бахтияр Тайлақбаев, Айжан Нұрмағамбетова, Жанар Айжанова, т.б. есімдерімен байланыстырылады. Бүгінгі қазақ эстрадасында есімдері елге танымал Жеңіс Ысқақова, Қыдырәлі Болманов, Тоқтар Серіков, Мейрамбек Беспәев, т.б. талантты әнші-орындаушылар, Кеңес Дүйсекеев, Тынышбай Рахым, Тұрсынжан Шапай, т.б. өнер қайраткерлері қазақ эстрадасының өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосып, эстрадалық және халықтық ән дәстүрін одан әрі дамытып, жетілдіріп келеді.

XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап Қазақстанда поп-рок және этно-рок бағыттары дамыды. Этно-рок бағытында атақты «Дос-Мұқасан» ансамблі жемісті еңбек етті. Қазіргі таңда этно-поп бағытында жұмыс істеп келе жатқан «Үркер», «Ұлытау» топтары, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Нұрғиса Тілендиев шығармаларын рок-музыка стилінде орындайды. Ал джаз-фолк бағытын ұстанатын «Рок-онаки», «The Magic of Nomads», «JCS», скрипкашылар Жәмила Серкебаева, Лана, Аида Аюпова джаз, фанк, фольк-рок және арт-рок стильдерін біріктіре жұмыс істеуде.

Еуропалық классикалық мәнер мен джаз, поп стильдерін біріктірген Толқын Забированың, «Аңсар», «Меццо», т.б. топтардың шығармашылығы, соңғы жылдары бойз-бендтер («Мұзарт», «Жігіттер», «Орда», «101», «Ринго», «Музарт-лайф»), гелз-бендтер («Кеш you», «Дауыс интернешнл», «Аюми», «Асыл») және Хип-хоп бағытында Rap және RnB стильдерінде жұмыс істеп жатқан топтар мен жеке әншілер шығармашылығында жалғасын табуда.





1. Жамал Омарованың орындауында Ш.Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін тыңдаңдар.
2. Әнші орындауында әннің жеткізілуі қандай?
3. Ж.Омарованың ән айту мәнерінде дәстүрлі орындаушылықтың қандай белгілерін байқауға болады?
4. «Қазақ эстрадасы» тақырыбына ассоциативті тізім құраңдар.




Роза Бағланова
(1922–2011)

Роза Бағланова – әнші (сопрано), КСРО-ның халық артисі, Халық қаһарманы. Қызылорда педагогикалық институтын бітіргеннен кейін, Ташкент филармониясы ән-би ансамблінің әншісі, Жамбыл атындағы филармонияның, «Қазақконцерттің» жеке әншісі болып қызмет етті. Репертуарында қазақтың халық әндері, қазіргі композиторларымыздың шығармалары, әлем халықтарының – орыс, өзбек, тәжік, украин, грузин, әзербайжан, қырғыз, моңғол, чех, венгр, қытай, көріс, үнді, швед әндері үйлесім тапты. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында Мәскеу түбінде шайқасқан панфиловшы жауынгерлер алдында концерт қойды.



1. Роза Бағланованың орындауында «Ақмаңдайлым» әнін тыңда.
2. Роза Бағланованың орындау мәнерін қалай сипаттар едің?
3. Роза Бағланованың шығармашылығына қатысты ақпараттар іздестіріп, шағын ауызша таныстырылым жаса (әңгіме, слайд-шоу дайындау).
4. Ж.Омарова мен Р.Бағланованың ән айту мәнерін салыстыр.





Ескендір Хасанғалиев

Ескендір Хасанғалиев – танымал композитор, әнші (лирикалық баритон), Қазақ КСР-інің халық артисі (1984). Қазақтың қазіргі заманғы әндерінің негізін қалаушылардың бірі.

1. Е.Хасанғалиев шығармашылығында қандай әншілік дәстүрді жалғастырды?
2. Композитордың «Атамекен», «Бозторғай» әндерін тыңда.
3. Бұл әндер қандай жанрға жатады (тарихи, патриоттық, әзіл-қалжың, тұрмыстық, лирикалық)?



Роза Рымбаева

Роза Рымбаева – эстрада әншісі, киноактриса және профессор-педагог. Қазақстанның халық артисі. Роза Рымбаева 1974–1975 жылдары көркемөнерпаздар байқауында бірінші жүлдені жеңіп алды, әншінің шығармашылық жолы осылай басталды. 1977 жылы талантты әнші Роза Қуанышқызы Болгарияда «Алтын Орфейді» жеңіп алды.

1976–1979 жылдары Республикалық «Гүлдер» жастар-эстрадалық ансамблінің солисі, 1979 жылы Роза Рымбаева Стамбұлда өткен халықаралық әншілер байқауында лауреат атанды. 1983 жылы Кубада өткен «Гала – 83» халықаралық байқауында бас жүлдені жеңіп алды. 29 жасында Қазақстанның халық артисі атанды. Оның орындауындағы қазақ композиторлары Т.Ерешевтің «Гүлдене бер, туған жер»,



Н.Тілендиевтің «Куә бол», Б.Байқадамовтың «Айгөлек», Ж.Тұяқбаевтың «Атамекен», Т.Сарыбаевтың «Отандастар» әндері тыңдаушылардың үлкен ықыласына бөленген. «Бір бала», «Сәулем-ай», «Кебек», «Назқоңыр», «Әгугай» және т.б. халық әндерін ол өзіндік ерекшелікпен орындайды.



ЗАМАН-АЙ

Әнін жазған – Т.Мұхамеджанов

Өлеңін жазған – Ұ.Есдәулетов

**Ұлдарыңның қайда кеткен құрығы,
Қыздарыңның қайда кеткен бұрымы?
Мейірімге зарықтырған заман-ай,
Заман-ай, заман-ай,
Туған жердің лайланды-ау тұнығы.**


Қайран елім, қайран жерім, қор болған,
Жомарттығы сор болған-ай,
Жарылыстан көз аспаған далам-ай.

Қираттық та ата-баба мазарын,
Қасіреттің тарттық енді азабын.
Қоң етінді ойып берген, заман-ай,
Заман-ай, заман-ай.

Көсілетін көрпең қайда, қазағым?

Қайран елім, қайран жерім, қор болған,
Жомарттығы сор болған-ай,
Жарылыстан көз аспаған далам-ай.

Неге біздер **у ішеміз суаттан,**
Неге біздер **ажыраймыз тұяқтан?**
Туған жерді тоздырғанша, заман-ай,
Заман-ай, заман-ай,
Неге жерге кірмейміз **біз ұяттан?**



Қайран елім, қайран жерім қор болған,
Жомарттығы сор болған-ай,
Жарылыстан көз аспаған далам-ай.

1. «Заман-ай» әнінің өлеңін мұқият оқып, қай топқа жататындығын (тарихи ән, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, лирикалық, отаншылдық тақырып) анықта.

2. Қарамен боялған сөздер мен сөз тіркестеріне назар аударып, оның мағынасын түсіндір.

3. Бұл ән қандай тарихи жағдайға байланысты шығарылды?



1. Эстрада-цирк студиясы қай жылы ашылды?
2. «Үркер» және «Ұлытау» тобы қандай стильде жұмыс істейді?
3. Қандай бойз-бэнд және герлз-бэндтерді білесің?
4. Эстрадалық жанрда жұмыс істейтін Қазақстанның танымал композиторларын атап бер.
5. Қазақстанның заманауи эстрада әншілері шет елдерде өткен қандай өнер додаларында жеңіске жетті?
6. Р.Рымбаеваның репертуарындағы өзекті болған әндерді ата.



11-САБАҚ

ЗАМАНАУИ МУЗЫКАЛЫҚ ЖАНРЛАР



Сабақта:

1. Мюзикл жанрымен, оның шығу тарихымен танысамыз;
2. Рок-опера жанры және оның көрнекті өкілдері туралы біле аламыз;
3. Мюзикл және рок-опералардан үзінділер тыңдаймыз;
4. С.Еркімбековтің «Нұрлы арман» әнін үйренеміз.

Мюзикл

Мюзикл (ағылшынша – *musical*) – музыкалық театр сахнасының жанры. Бұл шығарма музыкалық, драмалық, хореографиялық және опералық өнерді біріктіреді. Мюзиклде диалогтар, әндер, музыка мен шоулар өзара шебер өріледі, хореография маңызды рөл атқарады. Мюзикл жанры қойылым жағынан күрделі және қаражат тұрғысынан қымбат болып табылады. Көптеген Бродвей мюзиклдері өздерінің ерекше әсерлерімен (спецэффекты) танымал, олар көп жылдар көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, күнделікті қойылып келеді. Мюзикл құрылымдық жағынан көбінесе екі актілі спектакльге ұқсас.



1920–1930 жылдары Америка Құрама Штаттарында мюзикл жанрында еңбек еткен Джером Керн, Джордж Гершвин, Коул Портер сынды композиторлар болды. Мюзиклдегі көптеген әндер музыкалық классикаға айналды. Әншілердің актерлік шеберлігі айтарлықтай өсті. Кейінірек, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, мюзиклдің мазмұны тереңдей түсті. Леонард Бернстайнның «Вестсайд тарихы» пайда болды («Westside story», 1957). Қойылым У.Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» трагедиясын негізге ала отырып, қазіргі Нью-Йоркте болған оқиғаны баяндайды.

1960 жылдардың соңында жаңа музыкалық стильдердің арқасында мюзикл жанрында жаңа түсініктер пайда болды. 1970-жылдары спектакльдер сан жағынан қысқарды, алайда жаңа мюзиклдердің декорациялары мен костюмдері керемет байлығымен таңғалдырды.

Эндрю Ллойд Уэббердің «Эвита» («Эвита», 1978) атты мюзиклі терең мағыналы тақырыпқа құрылды, ол мюзиклдің даму жолын көрсетті. Уэббердің тағы бір туындысы – «Мысықтар» («Кошки», 1981; Эллиоттың өлең топтамалары желісімен). Бұл мюзиклдің басты тақырыбы – «Естелік» деп аталатын Гризабелланың ариясы.

Рок-опера

«Рок-опера» жанрының негізін салушы және терминді ойлап табушы гитарист, әнші және The Who Pit тобының көптеген әндерінің авторы Тауншенд болып саналады. 1971 жылы Бродвейде рок-операның премьерасы өтті. 1973, 2000 жылдары рок-опера экранға шығарылып, көптеген әлем тілдеріне аударылған. «Иисус Христос – Супержұлдыз» рок-операсы осы күнге дейін театрлар мен рок-музыка әуесқойлары арасында ғажайып танымалдыққа ие болып келеді.

«Юнона и Авось» – КСРО-дағы алғашқы рок-опера. 1981 жылы режиссер Марк Захаровтың ұсынысымен жүзеге асқан болатын. Оқиға желісі ресейлік мемлекеттік қызметші Николай Резановтың Калифорнияға сапары және оның Сан-Франциско комендантының қызы Кончито Аргуэльомен кездесуі айналасында өрбиді. Музыка авторы – композитор Алексей Рыбников.





30 жылдан астам уақыт ішінде үлкен аншлаппен мыңға тарта қойылым сахналанды. Опера көптеген тілдерге аударылып, Польша, Венгрия, Чехия, Германия, Оңтүстік Корея және Украина елдерінде қойылды.



«Мэри Поппинс, до свидания» мюзиклінен «Тридцать три коровы» әнін тыңда. Музыкасын жазған – М.Дунаевский.



Эндрю Ллойд Уэббердің «Мысықтар» (1981) мюзиклінен Гризабелла «Memory» (ағылшынша – естелік) ариясының негізгі тақырыбын тыңда.


1. Өнге сипаттама бер.
2. «Естелік» әні неліктен мюзиклдің кульминациясы деп ойлайсың?
3. Бұл ән қандай көңіл күйді, эмоцияны білдіріп тұр?
4. «Memory» әнін – Б.Стрейзанд, Д.Құдайбергенов, Х.Каррерастың орындауында тыңдап, салыстыр. Кімнің орындауы және не себепті ұнады?



НҰРЛЫ АРМАН

Әні мен өлеңін жазған – С.Еркімбаев

Нұрлы аспан жұлдыздар,
Таңғажайып ұл, қыздар,
Қол ұстасып бәріміз ән шырқаймыз.



Асыл арман әлемнің,
Достық, бірлік бар елдің,
Болашақтың жолына.

Қайырмасы:

Күн шығады шапақ атып,
Жер гүлдейді бар әлемде, нұрлы елде...

Ты представь, все звезды в небе
Светят сказочным светом
Детям расцветая волшебной песней доброй мечты...
Мы возьмем наши руки
Вместе и войдем в этот сад чудесный,
И увидим сказочный мир!
Солнце взойдет, день к нам придет
Мир и добро в дом наш войдет и он расцветет!
Солнце взойдет, день к нам придет
Мир и добро в дом наш войдет и он расцветет!

Қайырмасы:

Күн шығады шапақ атып.
Жер гүлдейді бар әлемде, нұрлы елде...
Солнце взойдет, день к нам придет
Мир и добро в дом наш войдет и он расцветет!



Эндрю Ллойд Уэббер – ағылшын композиторы. 13 мюзиклдің, 2 кинофильм музыкасының және реквиемнің авторы.



1. «Опера елестері», «Мысықтар», «Эвита» мюзиклдерінен үзінділер тыңда.

2. Э.Л.Уэббер шығармашылығы туралы мәліметтер жинастырып, әңгіме, таныстырылым ретінде ақпараттарыңмен бөліс.



1. Мюзикл деген не? Ол қандай өнер түрлерін біріктіреді?
2. Рок-опера деген не?
3. Танымал мюзиклдерді ата.
4. Белгілі рок-операны ата.
5. Өзің білетін әнді рок, поп стильдерінде орындап көр.

12-САБАҚ

ЗАМАНАУИ МУЗЫКАЛЫҚ ЖАНРЛАР (СТИЛЬДЕР)



Сабақта:

1. Музыканың заманауи стильдерімен (рок-н-ролл, рок-музыка, хип-хоп) және оның түрлерімен (электронды) танысамыз;
2. Әйгілі орындаушылар мен топтар туралы білеміз;
3. Заманауи стильде жазылған музыканы тыңдаймыз.



Рок-н-ролл (ағылшынша – *rock and roll* немесе *rock 'n' roll* – «тербел және сырғана») – XX ғасырдың ортасында Америка Құрама Штаттарында таралған танымал музыканың стилі болып табылады.

Рок-н-роллдың ерекшелігі – айқын ырғақ пен ашық еркін орындау. Дәстүрлі аспаптары – электр гитарасы, контрабас, ұрмалы аспаптар, фортепиано және саксофон. Рок-н-роллға 4/4 өлшемі тән. Рок-н-роллдың көрнекті өкілі – Элвис Пресли. Оны «рок-н-ролл патшасы» деп атайды. Оның шығармашылығы бүкіл әлем жастарына зор әсер етті.

1960 жылдардың басында рок-н-ролл твист музыкалық бағытының қалыптасуына негіз болды. 60-жылдары британдық The Beatles және The Rolling Stones топтары рок-н-роллға жаңа серпіліс әкелді. Содан кейін жалпы «рок» термині қолданыла бастады.

Рок-музыка (ағылшынша – *rock music*) – танымал музыканың бағыты. Рок-музыкада көптеген стильдік тармақтар бар. Рок-музыканы вокал, гитара (әдетте электрогитара), бас гитара, барабан және клавишті аспапта орындаушылардан тұратын рок-топ орындайды. Рок музыкасының ерекшелігі – өзгермейтін ырғақ. Электрлік гитара жетекші аспап болып табылады. Сондай-ақ көптеген рок-топтарда соло вокалист бар.

«The Beatles» тобының құрылған сәтінен бастап рок тарихының жаңа кезеңі басталды. «Битлз» әлемдік музыкада түбегейлі жаңа құбылыс ретінде із қалдырды. Әсіресе рок-музыкада олар ерекше музыкалық өнімділікті және түбегейлі жаңа имиджді (тек автор-орындаушы және топ емес, төрт жарқын тұлғалар) біріктірді. Бұл топтың әр мүшесі хит жазуға қабілетті болды. The Beatles-дің бүкіл әлемге әйгілі болуы сол уақытта «битломания» деп аталатын бұрын-соңды болмаған құбылысты тудырды.

Электрондық музыка. Музыканың бұл түрі электронды технологиялар мен құралдар, атап айтқанда, арнайы компьютерлік бағдарламалар мен синтезаторлар арқылы шығарылған туындыларды біріктіреді. Ол XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты және көптеген жанрлардан тұрады.

Хип-хоп – 1979 жылы АҚШ-та афроамерикалық ортада пайда болған стиль. Жанрдың негізі екі элемент – рэп (нақты ұйқастырылған



ырғақтық речитатив) және DJ ұсынған ырғақ (негізінен бас және синтезатор аспаптарында). Хип-хоп, жоғарыда аталған стильдер сияқты, көптеген жанрлық тармақтарға ие. Заманауи көпшілік музыкада осы стильдер өте танымал. Бұл – қазіргі кезеңдегі композиторлар мен музыканттар өз шығармаларын жазған кезде басшылыққа алатын негізгі ұстаным.



Элвис Пресли
(1935–1977)



The Beatles



1. Элвис Пресли – «Blue Suede Shoes» және The Beatles – «Let It Be», «Yesterday» – The Beatles, Пласидо Доминго және Рэй Чарльздің орындауында әндерді тыңда.
2. Орындау ерекшеліктерін салыстыр. Кімнің орындауы ұнады және неліктен?



1. КСРО-дағы ең танымал твистер:
 - «Лучший город Земли», орындаған – Мүсілім Магомаев;
 - «Песенка о медведях», орындаған – Аида Ведищева;
 - «Черный кот», орындаған – Тамара Миансарова;
 - «Ты мне вчера сказала», орындаған – Полад Бюльбюль-оглы әндерін тыңда.
2. А.Бабаджанян, Ю.Саульский немесе П.Бюльбюль-оглы туралы мағлұматтарды жинастырып, біреуінің шығармашылығы жайында баяндама немесе таныстырылым жаса (әңгімелеу, слайд-шоу).





1. «Рок-н-ролл» ұғымына анықтама бер.
2. Рок-музыка деген не?
3. Электрондық технологиялар және құралдардың көмегімен шығарылған музыка қалай аталады?
4. Рэп деген не? Өзің туралы рэп стилінде өлең шығарып көр.

13-САБАҚ

ӘЛЕМДІК ДЖАЗ МУЗЫКАСЫ



Сабақта:

1. Джаз музыкасымен танысамыз;
2. Джаз музыкасының бағыттарын білеміз;
3. Джаздың әйгілі орындаушыларын тыңдаймыз;
4. Қ.Кішібаевтың сөзіне жазылған Ә.Әбдінұровтың «Ұстазыма» әнін үйренеміз.

Джаз – кәсіби музыка өнерінің бір түрі. XX ғасырдың басында пайда болды. Джаз музыкасының түп негізі бірнеше ғасыр бойы құлдықта бол-



ған афроамерикалықтардың тұрмыс-салт билерімен, еңбек әндерімен, діни спиричуэлс әндерімен және блюздарымен астасып жатыр.

Джаз музыкасының негізгі элементтері – полиритмика, негізгі әуеннің (мотив) сан рет қайталануы, вокалдық ерекше мәнерлілігі, өрнектілік. Оның алғашқы орталығы – АҚШ-тағы Нью-Орлеан қаласы. Мұнда үрмелі аспапта орындаушылық өнердің өзгеше мәнері қалыптасты.

30-жылдары джаз орталығы Чикаго қаласына ауысты. Сол кезеңнің орындаушылары арасында Луи Армстронгты атап өту керек. Осы жылдары джаз музыкасында **свинг** стилі пайда болды. Шағын ансамбльдер кеңінен тарап, камералық джаз жанры дамыды.

1940 жылы би-боп атты джаздың жаңа стильдік тармағы пайда болды. Ол өте жылдам әуенімен, ұзақ импровизациясымен, күрделі ырғақпен анықталды. Осы уақыттың орындаушылары арасында Чарли Паркер және Диззи Гиллеспиді атауға болады.

Көрнекті музыканттар джазда классикалық және қазіргі заман музыкасының элементтерін пайдалана отырып, халықтық негіз бен дәстүрдің байланысын сақтауға ұмтылды.



1. Луи Армстронгтың – «What A Wonderful World»; Чарли Паркердің (саксофон) – «Summertime»; Диззи Гиллеспидің (труба) – «Caravan» композицияларын салыстырып, сипаттама бер.

2. «Джаз» тақырыбына синквейн құрастыр.



ҰСТАЗЫМА

Әнін жазған – Ә.Әбдінұров
Өлеңін жазған – Қ.Кішібаев

Көруші ем қабағыңның түйілгенін,
Ойласам, екен ғой ол күйінгенің.
Зейінмен тапсырмаңды орындасам,
Есімде күлім қағып сүйінгенің.



Мақтасаң төбем жетіп көкке менің,
Ақылмен мінімді айтсаң өкпеледім.
Жаймаған жапырағын жас шыбық едім,
Тілепсің өмірімнің көктегенін.

Жан едің жарқын мінез, кешірімді,
Ұмытпан, абзал ұстаз, есіміңді.
Мен үшін арман қазір күлімдеген,
Бір көру келбетіңді сол бір күнгі,
Сол бір күнгі.

1. Қ.Кішібаевтың сөзіне жазылған Ә.Әбдінұровтың «Ұстазыма» әнін үнтаспадан тыңда.
2. Мәтінді оқы.
3. Әнді мәнерлеп орындауға тырыс.



1. «Джаз» сөзіне анықтама бер.
2. Джаз музыкасындағы негізгі стильдерді ата.
3. Джаздың атақты орындаушыларын ата.
4. «Ұстазыма» әнін әртүрлі стильде интерпретация жасап көр.



14-САБАҚ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЖАЗ МУЗЫКАСЫ




“Magic of nomads” тобы

Сабақта:

1. Қазақстанның джаз музыкасы туралы білеміз;
2. «Бумеранг» джаз ансамблімен танысамыз;
3. Е.Құсайынов шығармашылығы туралы мағлұмат аламыз;
4. С.Қамаеваның сөзіне жазылған Д.Останковичтің «Чемпион болу – арманым» әнін үйренеміз.

Кеңес дәуіріндегі джаз музыкасының негізін қалағандар – А.Цфасман, Л.Утесов, О.Лундстрем. Джаз музыкасының элементтері И.Дунаевский, А.Эшпай, Қ.Қараев, Р.Щедрин, М.Кажлаев сынды композиторлардың шығармаларында жарасымды көрініс тапты.

Қазақстандық джаз музыканттары көп ұлтты халқымыздың өнерін ориентал-джаз стилінде дамытты. 70–80-жылдары Тахир Ибрагимовтың «Бумеранг» атты джаз ансамблі шығыстық джазды қалыптастыруда маңызды рөл атқарып, әртүрлі одақтық және халықаралық фестивальдарға қатысты. 80-жылдардың соңында ол кеңестік джаз ансамбльдерінің үздік бестігінің қатарында болды. Тахир Ибрагимов қазақстандықтардан бірінші болып дүниежүзілік джаз қауымдастығының мүшесі атағына ие болды. Қазақстандық белгілі джаз музыкант-



тары – Э.Саршаев, В.Баннов, Н.Байкөзов, Я.Хан, Е.Ынтықбаев, Ж.Саттарова, В.Хоменков болып табылады.



1. И.Дунаевский – «Капитан Гранттың балалары» кинофильмінен увертюра; BOOMERANG JAZZ ENSEMBLE – ORNAMENT (In Memory of Jazz Legend Tahir Ibragimov); Е.Құсайынов – «Бұлбұл заман» композицияларын тыңда.
2. Шығармаларға сипаттама бер.



ЧЕМПИОН БОЛУ – АРМАНЫМ

Әнін жазған – Д.Останькович

Өлеңін жазған – С.Камаева

Алыптармен алысқан, шыныққан шымыр мықтымын.

Топты жарып жарыста, Дәулеттей болып шықты кім?

Қайырмасы:

Бақтиярдай бақ қонып, намысымды бермеймін.

Серіктейін сақ болып, биіктерге өрлеймін.

Кезеңдерде сындарлы,

Бағындырған шыңдарды.

Бүкіл әлем таныған,

Қажымұқандай тұлғамды.

1. С.Камаеваның сөзіне жазылған Д.Останьковичтің «Чемпион болу – арманым» әнін аудио жазбадан тыңда.

2. Әр дауыстың әуенін жеке айт.

3. Сергіту сәтіне арнап музыканың ырғағына жаттығулар ойластыр.





Жанна Саттарова
(1967–2017)

Жанна Саттарова – қазақстандық джаз әншісі. Өмірін сахнаға арнаған Ж.Саттарова халық арасында Қазақстанның «джаз ханшайымы» деген атқа ие болған.

1. Жанна Саттарованың орындауында «Kag Kuzu» әнін тыңда.
2. Әншінің орындаушылық ерекшелігі қандай екенін анықта.



Еділ Құсайынов

Еділ Құсайынов – 1955 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын композиция мамандығы бойынша бітірген. Белгілі қазақ музыкасының зерттеушісі Болат Сарыбаевтың шәкірті. Көмеймен ән орындау өнерінің шебері.

Қазақ халқының көне аспаптарында, яғни жетігенде, сыбызғыда, саз-сырнайда, қамыс-сырнайда, қауырсын-сырнайда, шаңқобызда жеке орындаушы. Оның көмей өнері орындаушылық ерекшелігінде екі стиль қалыптасты – қарғыра (төменгі регистрде айтылады) және сығыт (жоғары регистрде айтылады). Ежелгі заманда көмей өнерін шамандар қолданған. Өз шығармашылығында Е.Құсайынов этно-джаз-рок-музыка стилінде жұмыс істейді. Бұл стиль ежелгі және қазіргі заманғы музыканың синтезі болып табылады.





1. И.Дунаевский шығармасы не туралы болуы мүмкін?
2. «Бумеранг» ансамблінің орындау стилінің қандай ерекшелігі бар?
3. «Бұлбұл заман» композициясындағы аспаптарды ата. Бұл композицияда музыканың қандай стильдері ұштасып тұр?
4. Қазақстанда джаз музыкасының қандай стильдері дамыды?
5. Е.Құсайыновтың орындаушылық өнерінің ерекшелігі неде?
6. Е.Құсайыновтың орындаушылығы мен композиторлық шығармашылығы туралы мағлұматтарды жинақтап, баяндама жаса (әңгімелеу, слайд-шоу дайындау).



15-САБАҚ

ЖОБАНЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ

Сабақта:

1. Жобаның тақырыбын анықтау;
2. Жобаның жұмыс жоспарын құру;
3. Топ мүшелерімен міндеттерді бөлісу;
4. Ақпаратты іздеу;
5. Жобаны қорғауға дайындалу.

Тапсырма:

1. Бірнеше топқа бөлініп, өтілген тақырыптарға сай ұсынылатын жобаларды таңдаңдар: «Қазақ эстрадасы», «Заманауи музыка қайраткерлері», «Джаз музыкасы», «Мюзикл», «Рок-музыка».

- а) Жобаның мақсатын анықтау;
- ә) Жоба тақырыбына сәйкес әртүрлі деректерден ақпарат іздеңдер.
- б) Жобаның жұмыс жоспарын құрастырыңдар.
- в) Топта жоба тақырыбын талқылаңдар.

2. Тоқсан бойы үйренген бір әнді джаз, рок стилінде интерпретация жасау.

3. Компьютерлік бағдарламаларды пайдаланып, жоғарыдағы тақырыптардың біріне музыкалық әрлеу жасалынған слайд-шоу жасау.

Үлгі:

Жоба тақырыбы: «Қазақ эстрадасы» (1-нұсқа).


Жоба мақсаты: қазақ эстрадасының қалыптасуы туралы мағлұмат жинау.

Міндеттері:

- * қазақ эстрадасының көрнекті өкілдері туралы материалдар табу;
- * нақты бір қайраткер туралы слайд-шоу дайындау;
- * қазақ эстрадасы жанрлары туралы баяндама дайындау.

Жұмыс нәтижелері:

Баяндама, реферат, слайд-шоу, таныстырылым.



16-САБАҚ

ЖОБА НӘТИЖЕЛЕРІН ҰСЫНУ


Сабақта:

1. Өз жұмысымыздың нәтижелерін көрсетуді үйренеміз;
2. Өз жұмысымызды және сыныптастар жұмысын бағалаймыз;
3. Өз жұмысымызды жетілдіріп үйренеміз.

Топтық жұмыс нәтижелерін ұсыну.

1. Әр топ өз жұмыстарын қорғайды. Баяндама, слайд-шоу, таныстырылымдарын басқа топтарға көрсетеді.
2. Әр топ джаз, рок стиліндегі интерпретациясын көрсетеді. Сәтті шыққан интерпретацияны барлығы орындайды.
3. Компьютерлік бағдарлама арқылы музыкалық әрленген слайд-шоу көрсетіледі.

Топтар бірін-бірі бағалайды, бір-біріне жұмыстарын жақсарту үшін ұсыныстарын айтады.



III ТОҚСАН

МУЗЫКА ЖӘНЕ ӨНЕР ТҮРЛЕРІ

Танысасың:

- музыка және поэзия;
- музыка және бейнелеу өнері;
- музыка және театр;
- музыка және кино.

Музыкалық сауат:

- романс;
- саундтрек;
- анимациялық музыка;
- импрессионизм.

Терминдер мен ұғымдарды білесің:

силлабика

қара өлең

жыр

асинхронды сәйкестік



17-САБАҚ

МУЗЫКА ЖӘНЕ ПОЭЗИЯ

Қазақ музыкасы




Сабақта:

1. Қазақ поэзиясының заңдылықтары және өлшемдерімен танысамыз;
2. Қазақтың дәстүрлі өлең түрлері және Абайдың жаңашылдығы жайында мағлұмат аламыз;
3. Қазақ әнінің құрылымдық ерекшеліктерінің даму сатыларынан дерек аламыз;
4. Халық әні «Қамажайды» үйренеміз;
5. Тақырып бойынша сұрақтарға жауап береміз.

Қазақ өнерінде музыка мен поэзия әрдайым егіз, біртұтас болып келеді. Сал, серілер әрі композитор, әрі ақын еді. Сондықтан қазақта «өлең» сөзі ән мағынасында қолданылып келді.


Қазақ әнінің әр тармағында буын санының өзгермеу заңдылығы бар. Оны **силлабика дейміз**. Сондықтан дәстүрлі әндерде кездесетін өлең түрлері: **11 буыннан** тұратын «**қара өлең**» және «**жыр**» деп аталатын **7–8 буынды** өлеңдер. 7–8 буынды өлеңдер ертеректегі әдет-ғұрып



сарындары, жыр және тұрмыс-салт әндерінде қолданылса, кейінірек 11 буынды «қара өлең» үлгісі пайда болды. Бұл өлең үлгілері сал, серілер шығармаларында жалғасын тауып күрделенді. Халық әндеріндегі ән мен өлең мәтінінің құрылымы дәл сәйкестік тапса (өлең жолы біткенде әуен саздың тоқтап кідіруі), сал, серілер туындыларында өлең жолы аяқталғанда ән әуені келесі жолға өтіп, өлеңнің екі жолын жалғап отырады (өлең мен әннің **асинхронды сабақтасуы**). Сал, серілер шығармашылығында ән құрылымы да өзгереді. Егер әдет-ғұрып әндерінде бір дыбысқа өлеңнің бір буыны сәйкес келіп, 1–2 жолды ән кеудесі қайырмасыз немесе бір сөзден құралған қайырыммен аяқталса (жар-жар, көш-көш, ау-жар), XIX ғасырдың кәсіби әнінде төрт жолды әндер, 6, 8 және одан да көп жолды шумаққа дейін ұзарып (Абай, Шәкерім), қайырмасы шумақтан екі есе ұзақ (Біржан сал) немесе бірнеше қайырмадан (Естайдың «Құсни-Қорланы», Кененнің «Көкшолағы») құралды.

Абай мен Шәкерім әндерінде **тұңғыш рет** жаңа өлең өлшемдері қолданылды. Абайдың «Көзімнің қарасында» симметриялы алты буын (3 + 3), ал «Бойы бұлғаң» (4-4-7-4-4-7) және «Сегіз аяқ» (ән атауы сегіз жолды шумақты білдіреді) (5-5-8-5-5-8-8-8), буын саны әркелкі, ауыспалы өлшемді әндер қатарында. Шәкерім әндерінің басым бөлігі жаңашыл өлең өлшемдерінде шығарылды. Оған «Жастық» (5-5-7-5-5-8-8-7), «Ажалсыз әскер» (10 буын), «Шын сырым» (6-6-6-6-11-12), «Насихат» (15 буын), «Жаңа ойдан шығарған бір бөлек бұл ән» (3-3-5-3-3-5-9-7), «Бұл ән бұрыңғы әннен өзгерек», т.б. әндері дәлел. Абай мен Шәкерімнің өлең жаңашылдығы Мағжан Жұмабаев және қазіргі заманауи Ш.Қалдаяқов, І.Жақанов, Н.Тілендиев, Е.Хасанғалиев, Ә.Бейсеуов, т.б. сазгерлердің әндеріне өлең жазған ақындардың мәтіндерінде жалғасын тапты. Мәселен, Ш.Сариевтің өлеңіне жазылған Ж.Тұяқбаевтың «Атамекен» әнінің құрылымы 3-7-3-7-8-7-10 болып дамытылады.

Ән көркем мазмұн мен поэзиялық бейне болмысының тұтастығы болғандықтан, әннің мән-мағынасы әр тарихи даму сатысында өзгеріп отырды. Әдет-ғұрып сарындары алғашқы сатысында – зар, қоштасу лирикасы болса, 2-сатысында тұрмыс-салт әндері деңгейінде – қоршаған табиғат, Отанға, анаға, нәзік жандарға сүйіспеншілік (қамшы өлең,



сүйек өлең, тау өлең, балық өлең, шай, өлең, т.б.), суырып салма шеберлігі (өлең туралы өлең), тарих болса, 3-даму сатысында сал, серілер әндерінде аталған тақырыптарға ән табиғаты мен әншінің орындаушылық шеберлігі, өмірдің өтпелілігі тақырыптары қосылды.

Ақындық дәстүрден туындаған XIX ғасырдағы кәсіби әннің көркем келбетінде ежелгі дәстүрдің елесі айқын сезіледі. Кәсіби әннің ақындық дәстүрден тараған қасиеттерінің бірі – ақындардың өз пірін шақырғандай, әннің биік дыбыс иірімінен басталуы және тыңдармандарға өзін таныстыру әндердің тақырыбынан байқалады. Мұндай әндерде серілер өз есімін атап, руын таныстырады. Бұл әндер әдетте әншінің өз атымен аталған. Олар: «Біржан сал», «Майраның әні», «Ғазиздің әні», «Балуан Шолақтың әні», т.б.



1. А.Құнанбайұлының «Көзімнің қарасы» әнін тыңда.
2. Бұл туындының өлең өлшемін санап көр.



ҚАМАЖАЙ

Халық әні

Басында Қамажайдың бір тал үкі,
Айырылып Қамажайдан болдым күлкі.
Айырылып Қамажайдан отырғанда,
Келеді қай жерімнен ойын-күлкі.

Қайырмасы:

А-хау, хайлили-ляйлім, лиля-ляйлім, Қамажай,
Қалды-ау кейін сәулетайым, сәулетайым.

1. Әнді аудиотаспадан тыңда.
2. Әннің ырғақтық өрнегін көрсет.
3. Әннің өлең құрылымының кестесін жаса.





1. Өзің білетін әннің буын санын санап, өлең құрылымының кестесін жаса.
2. «Көзімнің қарасы» және «Қамажай» әндерін салыстырып, қайсысында өлең мен әннің асинхронды сабақтасуы байқалып тұрғанын айт.
3. 3+3 немесе 4+3 буындық өлең шығаруға талпын.




АТАМЕКЕН

Әнін жазған – Ж.Тұяқбаев

Өлеңін жазған – Ш.Сариев

Кең далам! Толғанайын, толғайын,
 Домбырам! Қолға алайын, жырлайын,
 Қазағымның даласындай!
 Көзімнің қарасындай,
 Айналдым сені-ай, атамекен-ай!
 Теңіздей тебірендім, тербедің,
 Сапарда сағынышым сен менің,
 Дүние-ай сырларындай,
 Мөлдіреп тұнғанындай,
 Сағындым сені-ай, атамекен-ай!
 Сағыныш мұңдарындай,
 Айналдым сені-ай, атамекен-ай!
 Армандаған күндер-ай!
 Жұлдыз аққан түндер-ай!
 Өзің куә өмірде,
 Кімдер өтті, кімдер-ай,
 Атамекен-ай!
 Ғажап-ау, Атамекен ғаламат,
 Бір саған тағдырымыз аманат,
 Қымбатты даламыздай, сымбатты анамыздай,
 Айналдым сені-ай, атамекен-ай!
 Арымдай – тірегімдей,
 Айналдым сені-ай, атамекен-ай!



18-САБАҚ

МУЗЫКА ЖӘНЕ ПОЭЗИЯ

Сабақта:

1. Батыс Еуропа, орыс композиторларының романстарымен танысамыз;
2. Романс жазған композиторлар туралы білеміз;
3. М.Төлебаевтың «Кестелі орамал» романсын үйренеміз.



– Қалай ойлайсың, музыка мен әдебиет арасында байланыс бар ма?


– Музыка мен әдебиеттің көркемдік құралдарын салыстыр.

Музыка және поэзияның байланысы туралы айтқанда романс және ән жанрлары еске түседі.

«**Романс**» термині, ортағасырлық Испанияда пайда болған, алғашқыда испан тілінде (роман тілінде) «ән» деген сөзді білдірген. Испанша – **Romance**. Романс музыкасының әннен айырмашылығы – көңіл күйге көп назар аударылады. Романстың мәні – сүйемелдеуде емес, өлең мен әуеннің мазмұнында болады.

Әдетте, романс камералық музыка болып саналады (бір аспаптың сүйемелдеуінде, көбінесе фортепианомен орындалады). Романстың өлеңінің өзі әуенді, сазды, нәзік, әсерлі немесе трагедиялық болып келеді. Көптеген еуропалық композиторлар – романстардың авторлары: Ф.Шуберт, Р.Шуман, И.Брамс, Ж.Массне, Ш.Гуно және т.б. Орыс романсы жанр ретінде ХІХ ғасырдың бірінші жартысында қалыптасты, бұл әлемдік (сонымен қатар орыс әдебиетінде де) романтизмнің дамуымен тұспа-тұс келді. А.Алябьев, А.Варламов, А.Гурилёв, М.Глинка сынды композиторлар орыс романсының қалыптасуында маңызды рөл атқарды.

Глинка 20-дан астам романс пен ән жазды, олардың барлығы дерлік әйгілі болды, бірақ олардың арасында ең танымалы – «Я помню чудное мгновенье» романсы. А.Даргомыжский, П.Чайковский, Н.Римский-Корсаков, П.Булахов, С.Рахманинов сынды композиторлар – ХІХ ғасырдағы романс музыкаларының авторлары.





Г.В.Свиридов және Г.Ф.Пономаренко – ХХ ғасырдағы ең танымал романстардың авторлары.



Франц Шуберт
(1797–1828)

Франс Шуберт – австриялық композитор, музыкадағы романтизмнің негізін қалаушылардың бірі, 600-ге тарта вокалдық шығармалардың авторы.

1. Ф.Шуберттің «Ave Maria» (М.Калластың орындауында), М.И.Глинканың «Я помню чудное мгновенье» (Д.Хворостовскийдің орындауында) шығармасын тыңда.
2. Шығармаларға сипаттама бер (сипаты, екіпіні, динамикасы, бояуы, мазмұны);
3. «Я помню чудное мгновенье» романсының мазмұнына назар аудар. Бұл өлең жолдары кімге арналған?
4. «Романс» тақырыбына синквейн немесе музыка мен поэзия туралы Венн диаграммасын құрастыр.





КЕСТЕЛІ ОРАМАЛ

Әнін жазған – М.Төлебаев

Өлеңін жазған – А.Лекеров

Кестелі ақ жібек орамал,
Алыстан жолдаған сүйген жар.
«Жауынгер жарым, сен есіңе ал», –
Деп жазған оюлап хаты бар.

Қайырмасы:
«Жауынгер жарым, сен есіңе ал», –
Деп жазған оюлап хаты бар.

1. Әнді ұнтаспадан тыңда.
2. Әнді мәнерлеп орындауға тырыс.



Сергей Васильевич Рахманинов (1873–1943) – орыс композиторы, пианист, дирижёр.




1. «Романс» сөзіне анықтама бер.
2. Камералық музыка дегеніміз не?
3. Романстар жазған композиторларды ата.
4. Қандай романс әсерлі болды және неге?
5. Динара Алиеваның орындауында «Сон» романсын тыңда.
6. Романстың мәтінін мәнерлеп оқы.
7. Бұл романс не туралы? Осы романсты қалай атар едің?



19-САБАҚ

МУЗЫКА ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ



Сабақта:


1. Қазақ оюы заңдылықтарының дүниетанымдық негіздерімен танысамыз;
2. Қазақтың дәстүрлі ою түрлері жайында мағлұмат аламыз;
3. Қазақ оюының музыкамен байланысы жайында дерек аламыз;
4. Тақырып бойынша сұрақтарға жауап береміз.

Табиғатпен сырласа да үндесе өмір сүрген ата-бабаларымыз өз дүниетаным пәлсапасын өнер арқылы шебер жеткізгені аян. Сонау ескі замандағы қолөнер бұйымдарының оюы кітап қызметін атқарып, оның бейнелері әлемдік тәртіпті айқындауда таптырмас тәрбие құралы болды. Осы құралдың басты заңдылығы – адам қоршаған Табиғат ананы аялауы керек, Ғарыш заңдылықтарын терең түсінуі қажет. Ғарыш құрылымы туралы біздің заманымызға ежелгі дәуірден жеткен аңыздар бар.





«Ертеде бүкіл әлемді су басқан заманда Жердің кіндігінде Әлемдік тау (Ұлытау), ал оның ұшар басында Бәйтерек жайқалып өсіпті. Үш әлемнің арасын байланыстырған Бәйтеректің жапырағында Самұрық құс ұя соғып, қасиетті алтын жұмыртқа салады екен. Егер кенеттен әлемді түнек басса, құс тағы да жұмыртқа салып, қайтадан әлемді тіршілік жайлайды. Аспанды тіреп тұрған Бәйтеректің төбесі жоғарғы әлем – құдайлар мекені болып, Темірқазық жұлдызына жететін. Оның жапырағында құс бейнесіндегі аруақтар отырады. Ортаңғы әлемде адамдар, ал Жерді тамырымен тіреп тұрған Төменгі әлемде зұлым күштер өмір сүрген. Ағаштың етегінен әртүрлі өзендер бастау алған екен».



Міне, осы аңыздағы үш әлем төкпе күйдің бас буын, орта буын және саға бөлімдеріне бөлінуімен сәйкес келеді. Күйдің шарықтау шыңы болатын саға бөлімі топан су басқан Төменгі әлемнің көрінісі іспетті.

Табиғат заңдылықтарымен үйлесім тапқан өмір пәлсапасын жеткізудегі көркем құралдар саз өнері (күй және ән) мен ою-өрнекке ортақ болды.



Оюда бос Кеңістіктің қалмауы, форма мен контрформаның тең, тегіс, симметриялы орналасуы оюды табиғаттағы молекулалармен теңдес етеді. Қорқыт, Ықылас күйлерінде және оюда жоғарғы және төменгі, оң



жағы мен сол жағы болып бөліну арқылы жеткізілген өмірдегі қарама-қайшылықтардың тепе-теңдігі мәңгілікті бейнелейтін қобыз сарынында созылыңқы әуенде көрінсе, өрнекте шексіздік белгісімен көрсетіледі.



Ою-өрнек Ғарыш пен Табиғат заңдылықтарын жалпылама пәлсапалық белгілермен көрсетсе, күй адамның ішкі жан тебіренісін, көңіл күйін қоңыр үн арқылы күмбірлетті. Құстың сайраған дауысына еліктеген ән қайырмалары (гәгәгәй, ғағиға – ғақ-ғақ), әннің шырқау биіктен басталған иірімдері, қобыз сарынымен орындалған «Аққу» күйі – қазақтың Жоғарғы Әлем туралы саз түсінігінің айғағы. Жалпы, ою мен күйдің көп мағыналылығы, түпсіз тереңдігі қазақтың ойды астарлап, тұспалдап жеткізу әдетіне сәйкес келеді.



Әбілхан Қастеев
(1904–1973)

Әбілхан Қастеев – суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Қазіргі Алматы облысы Панфилов ауданы Шезін ауылында дүниеге келген. Қазақ елінің тарихын, оның болмысын, туған жердің әсем табиғатын бейнелеу оның басты тақырыбы болды.



1. «Аққу» халық күйіне сипаттама бер.
2. Ықыластың «Жезкиік» күйінің аңызын тауып, оны сыныпта ауызша айтып беруге дайындал.
3. Ою және күйді Венн диаграммасы арқылы салыстыр.





ДЕДИМАЙ-АУ

Халық әні

1. Айналайын, ақ жүзің, айдан аппақ,
Сендей жарды ер жігіт қайдан таппақ,
Дедімай-ау.
Көрген адам қасыңнан кете алмайды,
Мұз үстінде жүргендей тайғанақтап,
Дедімай-ау.

Қайырмасы:

Алма ағаштың гүліндей-ау,
Текеметтің түріндей-ау,
Өтіп дәурен бара жатыр,
Сіз бен бізге білінбей-ау.

2. Құлағыңа таққаның күміс сырға,
Күмбірлетіп шығасың күнде қырға,
Дедімай-ау.
Сағыныштан сарғайып шыдам таппай,
Мен өзіңді қосамын ән мен жырға,
Дедімай-ау.

Қайырмасы

Алма ағаштың гүліндей-ау,
Текеметтің түріндей-ау,
Өтіп дәурен бара жатыр,
Сіз бен бізге білінбей-ау.



1. Өнді аудиотаспадан тыңда.
2. Өннің ырғақтық өрнегін көрсет (шапалақтап немесе ұрмалы аспаппен).



20-САБАҚ

МУЗЫКА ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Сабақта:

1. Музыка және бейнелеу өнерінің өзара байланысы туралы білеміз;
2. Музыкадағы импрессионизм бағытымен танысамыз;
3. К.Дебюссидің «Ай сәулесі» («Лунный свет»), М.Равельдің «Су ойыны» («Игра воды») шығармаларын тыңдаймыз;
4. С.Тұрғынбекұлы сөзіне жазылған А.Тоқсанбаевтың «Жидебай түні» хорын үйренеміз.



- Музыка мен бейнелеу өнері арасында байланыс бар ма?
- Олардың көркемдік құралдарын атай аласың ба?
- Өнердегі қандай стильдерді білесің?

Импрессионизм (французша «impression» – әсер) – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өнерде пайда болған ағым. Негізінен, суреткердің өмірден алған өткінші әсері мен бір сәттік көңіл күйін бейнелейді. Бейнелеу өнерінде импрессионизмнің жекелеген белгілері 1860 жылдары француз суретшілерінің (Э.Мане, О.Ренуар, Э.Дега) еңбектерінде көріне бастады.

Музыкадағы импрессионизмнің негізін салушы Клод Дебюсси өз шығармашылығында музыканың бейнелеу тәсілдеріне көптеген жаңалықтар енгізді. Ол қазіргі заманғы композиторлық шеберліктің барлық аспектілерін: әуенді, музыканың гармониялық, тембрлік бояуларын, оркестрлік өңдеуді, музыкалық форманы байытты. Морис Равель (Франция) және Мануэль де Фалья (Испания) – музыкалық импрессионизмнің шеберлері.

Музыка тыңдарманның қиялында нақты көріністерді тудырып, айшықты суреттеп беруге қабілетті, яғни, композиторларға «музыкалық картина» жазуға мүмкіндік береді («Москва өзеніндегі таң» – М.Мусоргский, «Таң» – Э.Григ, «Ай сәулесі» – К.Дебюсси, «Су ойыны» – М.Равель).



Музыка мен бейнелеу өнеріне ортақ «контраст» деген ұғым бар. Кескіндемеде контраст – түстердің немесе масштабтардың сәйкестігін білдіреді. Музыкада – мажор мен минордың, тез және жай қарқындардың, қатты немесе ақырын дыбыстардың (динамика), жоғары немесе төмен дыбыстардың қарама-қайшылығын білдіреді. Контраст кез келген музыкалық шығармаларда бар.



Модест Мусоргский
(1839–1881) – орыс композиторы,
пианист.




М.Мусоргскийдің «Көрмедегі суреттер» циклынан «Екі еврей – бай және кедей» туындысын тыңда.

Контрастың айшықты мысалы М.Мусоргскийдің «Екі еврей – бай және кедей» пьесасында берілген. Бұл жердегі контраст шығарма атауынан-ақ көрініп тұр. Осы пьесаның музыкасы екі түрлі адамдардың мінездерін суреттейді. Бірінші байдың бейнесі сенімділігімен, қатты, маңызды дыбыстарымен ерекшеленсе, кедей бейнесі сасқалақтық, аянышты, жалынышты интонациялармен бейнеленген.



Морис Равель
(1875–1937)

Морис Равель – француз композиторы. Музыкалық импрессионизмнің көрнекті өкілдерінің бірі ретінде аты тарихта қалған.



1. «Су ойыны» шығармасын тыңда.
2. Бұл қандай аспапқа арнап жазылған?
3. М.Равельдің шығармашылығына арналған шағын ақпаратты (әңгіме, слайд-шоу дайындау) тап.

ЖИДЕБАЙ ТҮНІ

Әнін жазған – А.Тоқсанбаев

Өлеңін жазған – С.Тұрғынбекұлы

Жүрегі жас, жаны бай,
Жастар тойлап келеді.
Желсіз түнде жарық ай
Тас төбеден төнеді.
Кең дүние керемет,
Көңіл күйін тасады.
Айдың нұры себелеп,
Жанға шуақ шашады.

Самал сипап гүлін де,
Той думанын қыздырып.
Жидебайдың түніне
Ән шырқайды қыз жігіт.
Бір біріне күлімдейді,
Жеткендей ақ арманға.

1. Әнді ұнтаспадан тыңда.
2. Мәтінді оқы, Астанамыздың бейнесіне қаншалықты сәйкес келеді?
3. Әннің ырғағын алақанмен соғып көрсет.



1. Музыка және кескіндемеде импрессионизмді не байланыстырады?
2. Импрессионист суретшілерді ата.
3. Импрессионист композиторларды атап бер.
4. Музыка және кескіндемеде контраст қалай туындайды?
5. Шулы аспаптарды пайдаланып, шапалақтап, қағазды умаждап, басқа да бар заттарды пайдаланып, «Табиғат құбылыстары» композициясын жасаңдар (топпен).



21-САБАҚ

МУЗЫКА ЖӘНЕ ТЕАТР



Сабақта:

1. Қазақ театрының туындыларымен танысамыз;
2. Қуыршақ билері туралы білеміз;
3. «Ортеке» күйлерінің үлгілерін тыңдаймыз;
4. Абайдың «Ата-анаға көз қуаныш» әнін айтамыз;
5. «Достар серті» мюзиклі туралы білеміз.

Қазақ театрының қайнар-көзі қазақ халқының ежелгі фольклорлық салт-дәстүрінде жатыр. Қазақтың тұрмыс-салт әндері мен дәстүрінде театр элементтері бар. Қазақ халқының барлық өнер түрлері музыкамен байланысты. Дәстүрлі эпос, әндер мен күйлер орындау қазақ театрының пайда болуына негіз болды. Күйшілер орындайтын күйлерінің аңыз-әңгімесін баяндау арқылы тыңдаушыны дайындап алатын болған. Күйлердің аңыз-әңгімесінде әртүрлі бейнедегі кейіпкерлер туралы баяндалатын және осы кейіпкерлердің барлығын күйші-орындаушы бір өзі бейнелеген. Бұл бір актер театрының өзіндік тәжірибесі болды.



Сонымен қатар қазақ театр өнерінің түп негізіне айтыс өнерін де жатқызуға болады. Айтыс кезінде ақындардың әуендері арнайы ырғақпен, айрықша орындаушылық мәнермен ерекшеленді. Мереке мен тойларда әзілкештер өздерінің шеберлігін көрсететін болған, олар халық арасында «қу» деп аталды. Олар кейіпкердің мінез-құлқын дәл сипаттай білді.



Халқымызда ең жарқын және театрландырылған дәстүрлердің бірі – үйлену тойы.

Қазақтың халық биі «Ортеке» – Қуыршақ театрының бастауы болып табылады. «Ортеке» күйін орындаған кезде, ешкі бейнесіндегі қуыршақ үстелдің ортасына бекітіледі. Қуыршақ ортеке еркін билеуі үшін, аяқтары үстелдің бетіне тимейтіндей етіп орналастырылады. Қуыршақтың дене бөліктеріне байланған жіп үстелдің орта-

сындағы тесік арқылы өткізіліп, домбырашының оң қолының саусақтарына байланады. Күйші күйді тарта бастағанда, қуыршақ ортеке қозғалып, билей бастайды.



1. «Тұран» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің орындауында «Ортеке» күйін тыңда.
2. Күйге сипаттама бер.
3. «Ортеке» тақырыбында синквейн жаса.



АТА-АНАҒА КӨЗ ҚУАНЫШ

Абай
(өңдеген Қ.Шілдебаев)

Ата-анаға көз қуаныш –
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі.
Еркелік кетті,
Ер жетті,
Не бітті?



Оқытарсың молдаға оны,
Үйретерсің әрнені.
Медеу етіп ойы соны,
Жаны тыныштық көрмеді.
Жасында күтті,
Дәме етті,
Босқа өтті.

1. Әнді ұнтаспадан тыңда.
2. Мәтінді мәнерлеп оқы.
3. Әнге ырғақтық сүйемелдеу жаса.



«Достар серті» мюзиклі

1 «Әсем» әнін тыңда. Әнін жазған – А.Оренбургский, либреттосын жазған – Б.Қайырбеков.

2. Бұл ән мюзиклдің драматургиясында қандай рөл атқарады?

3. «Достар серті» туралы ақпаратты тап және шағын ауызша баяндама жаса (әңгіме, слайд-шоу дайындау).



1. Қазақ театрының негізіне қандай фольклор түрлері жатады?
2. «Ортеке» күйлерінің қандай ерекшелігі бар?
3. Сен қандай театрға бардың немесе қойылым көрдің?



22-САБАҚ

МУЗЫКА ЖӘНЕ ТЕАТР



М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры

Сабақта:


1. Музыканың театр қойылымдарындағы рөлімен танысасың;
2. Театр қойылымдарына музыка жазған композиторлар туралы біле аласың;
3. Театр қойылымдарына жазылып, классикалық үлгіге айналған шығармалармен танысасың;
4. «Музыканттар» ағылшын ұлттық әнін үйренеміз.

Драма театрындағы қойылымдарға арналған музыка өнердің басқа түрлерімен бірге сахналық көрініске белсенді түрде қатысады.

Театр музыкасы өте маңызды драмалық фактор болып табылады. Оның семантикалық және қалыптастырушы маңызы өте зор. Театрдағы музыка:

- а) қойылымның эмоционалдық атмосферасын қалыптастырады;
- ә) оның басты идеясына ерекше көңіл бөледі;
- б) әрекет уақытын және орнын нақтылайды;
- в) кейіпкерлерді сипаттайды.

Сонымен қатар спектакльдің қарқыны мен ырғағына әсер етеді,



шиеленіске назар аударады, лейтмотив арқылы спектакльді біртұтас етеді.


Драма театрында музыка екі негізгі рөл атқарады: сахнадағы іс-әрекетті үйлестіреді немесе онымен қарама-қайшылықта (контраст) болады. Музыка қойылымнан тыс (увертюра – кіріспе, антракт – үзіліс кезінде) немесе қойылым ішінде болады. Драмалық спектакль үшін композитор арнайы музыка жазады, кейде спектакльге музыкалық үзінділер бұрыннан бар туындылардан таңдалып, құрастырылады.

Әлемге әйгілі композиторлар – Людвиг ван Бетховеннің «Эгмонт» (И.Гёте) трагедиясына, Ф.Мендельсонның «Жазғы түнгі түс» (У.Шекспир) комедиясына, А.Хачатуряның «Маскарад» (М.Лермонтов) драмасына жазған музыкасы классикалық үлгіге айналды.

Қазақ драма театры спектакльдеріне Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди, Мұқан Төлебаев, Еркеғали Рахмадиев, Сыдық Мұхамеджанов, Ғазиза Жұбанова, Нұрғиса Тілендиев, Сейдолла Бәйтерекөв, Бейбіт Дәлденбаев, Ақтоты Райымқұлова, т.б. композиторлар музыка жазды.



М.Лермонтовтың «Маскарад» атты музыкалық драмасына жазылған А.Хачатуряның «Вальс» туындысын тыңда.



Арам Ильич Хачатурян
(1903–1978)

Арам Ильич Хачатурян – ХХ ғасырдың ең танымал композиторларының бірі. «Гаяне», «Спартак» балеттері; үш симфония; алты концерт; вокалдық, хор, аспаптық және бағдарламалық музыка шығармаларының, музыкалық кинофильмдер мен театрлық қойылымдардың авторы.



1. Музыкалық шығарманы тыңда.
2. Вальс әуеніне сипаттама бер (екпіні, сипаты, ырғағы, бояуы, т.б.).
3. Негізгі әуенді қандай аспап орындайды?
4. Вальстің ортаңғы бөлімінде музыка қалай өзгереді?
5. Вальстен үзіндіні қайта тыңдап, ырғағын шулы аспаппен көрсетіңдер.
6. «Вальс» тақырыбында синквейн құрастыр.



МУЗЫКАНТТАР

Ағылшын әні

Пусть будет вьюга, будет гром,
Но музыкантам, но музыкантам,
Но музыкантам – все ни почем!

1. Мұғалімнің орындауында канонның әуенін тыңда.
2. Канонның қадамын анықта (екінші дауысқа түсу).
3. Мимикалық канонға ойын ойластыр.



1. Драмалық спектакльде музыканың негізгі функцияларын ата.
2. «Антракт» сөзіне анықтама бер.
3. Спектакльге музыка жазған композиторлар мен авторларды ата.
4. Драмалық спектакльдерге музыка жазған қазақстандық композиторларды ата.
5. Қалай ойлайсың, театр өнері мен музыка өнерінің басты құралдары нелер?



23-САБАҚ

КИНО ЖӘНЕ МУЗЫКА

Сабақта:


1. Қазақстанның киномузыкасының жетістіктерімен танысамыз;
2. Осы бағытта жұмыс істеген композиторлардың шығармашылығы туралы білеміз;
3. Киномузыка терминдерімен танысамыз;
4. Киноға арнап жазылған шығармалардан үзінді тыңдаймыз;
5. «Балапан қаз» халық әнін үйренеміз.



- Өзіңнің жақсы көретін киноңды еске түсір.
- Ол кинодағы музыка есінде ме?
- Егер ол кинодан барлық музыканы өшірсе, не болар еді?

Алғашқы кезде музыка кинематографияда жалаң, қосалқы міндет атқарды. Пианист (тапёр) жүріп жатқан фильмді сүйемелдеумен ғана шектелді. Дегенмен, сол кездің өзінде әр фильм үшін жеке музыка жазуға әрекет жасалды. Дыбыс жазушы аппараттың шығуына байланысты (1920 жылдың соңы – 1930 жылдың басы) әр фильм жеке фонограммаға ие болды. Осы кезеңдегі киномузыканың таңдаулы үлгілері Ч.Чаплин фильмдерінен көрініс тапты. Фильм музыкасы дыбысты киноның тууынан бастап, кадр ішіндегі киномузыка (кадрда көрсетілген музыкалық аспаптың, әншінің, радионың, т.б. музыка орындауы) және кадр сыртындағы киномузыка (фильм идеясын тереңдете түсетін, оқиғаны сипаттайтын, сюжет астарын жеткізетін киномузыка) болып бөлінді. XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап фильмдегі кейіпкерлерге музыкалық сипаттама беру, көбінесе, қарапайым да тұжырымды, көкейге қонымды әндер арқылы жүзеге асты. Киномузыканың бұл саладағы классик үлгілерін композиторлар Дж.Гершвин, И.О.Дунаевский («Көңілді жастар» (1934); «Цирк» (1936), т.б.) жасады.

Ал еліміздегі композиторлардан Қуат Шілдебаев көбіне тарихи тақырыптағы фильмдерге қалам тартады. Олардың арасында «Оты-



рардың күйреуі», «Әбілхайыр хан», «Мұстафа Шоқай», «Шал», «Жат» және басқалары бар. Композитордың қаламынан қазіргі таңда 20-дан аса фильмге музыка жазылды.

Ақан Сатаевпен тығыз шығармашылық байланыста жұмыс істеп жүрген Әлім Заиров джаз, электронды музыка мен классика бағыттарын үйлестіреді. Қазіргі таңда оның музыкасы «Аудандар», «Анаға жол», «Ол» және Жасұлан Пошановтың «Шлагбаум», Нұртас Адамбайдың «Сабина келін» фильмдерінде орындалады.

Төлеген Мұхамеджановтың 9-ға жуық киносаз туындыларында алғашқы жазған 1984 жылғы «Шөп ішіндегі тәтті нәр» фильмінен бастап, соңғы жұмыстарының бірі «Құнанбай» фильмінде Отанына деген сүйіспеншілік пен нәзік лирикалық сезім айқын сезіледі. Ал Ренат Гайсиннің киномузыкалық туындыларынан ерекше атауға тұрарлық туынды – «Жаужүрек мың бала» фильмінің музыкасы.



«Жаужүрек мың бала» кинофильмінен саундтрек тыңда.

1. Бұл шығармалардың бейнесіне қандай мінездеме беруге болады?
2. Ол туралы өз пікіріңді қысқа эссе түрінде жаз.
3. Бұл шығарманың киномузыкаға қосқан үлесі неде деп ойлайсың?



Мұхамеджанов Төлеген Мұхамеджанұлы – композитор, симфония, опера, камералық туындылардың авторы. Сан алуан киноларға, театр қойылымдарына шығармалар жазған. Көптеген әндері, романстары, танымал аспаптық музыкалары бар.





Қуат Абдоллаұлы Шілдебаев – 50-ге жуық ән, камералық симфония, оркестр мен фортепианоға арналған концерт, қылқобыз және үрмелі аспаптар оркестріне, орган мен оркестрге арналған шығармалардың авторы. Оның «Отан Ана», «Сағым дүние», «Жан Ана», «Осенний мотив» атты әндері халыққа кең танымал.


1. Т.Мұхамеджановтың әндерін тақырып бойынша қандай топтарға бөлуге болады?
2. Т.Мұхамеджановтың киномузыкасы Қазақстанның саз өнеріне нендей үлес қосты деп ойлайсың?
3. Қазақстан заманауи музыка өнерінің қалыптасуы мен дамуына сазгер Қуат Шілдебаев нендей үлес қосты?
4. Қазақстан сазгерлерінің ішінде киномузыкаға үлес қосып жүрген композиторлар жайында ақпарат ізде.



1. Қазақстан киномузыкасындағы көрнекті шығармаларды ата.
2. Қазақстан киномузыкасының композиторларындағы белең алған стильдік бағыттар жайлы не білесің?
3. Өзің білетін заманауи музыка шығаратын сазгерлер жайында әңгімеле.
4. Компьютерлік бағдарламаны пайдаланып, музыкамен әрленген «Мектепте» атты ролик дайындаңдар (топпен, келесі сабаққа).
5. Кинолар мен әндерді сәйкестендір:

• «Саржайлау»;	• «Қыз Жібек»;
• «Шегенің термесі»;	• «Менің атым – Қожа»;
• «Балапан қаз»;	• «Тақиялы періште»;
• «Мама»;	• «Көшпенділер».

Осы тапсырмаға ұқсас тапсырмалар құрастыр.





БАЛАПАН ҚАЗ

Халық әні

Бұл өлке біздің ауыл жайлаған жер-ай,
Желіге асау құлын байлаған жер-ай.
Көзіме от жалындай көрінеді-ай,
Тебісіп құлын-тайдай ойнаған жер-ай.
Ей, ахау, сабаз,
Ұшырдым ұясынан балапан қаз-ай.

Бұл өлке біздің ауыл күзеген жер-ай,
Қаракөз бойын сылап түзеген жер-ай.
Көзіме от жалындай көрінеді-ай
Қолаң шаш уәдесін үзбеген жер-ай.
Ей, ахау, сабаз,
Ұшырдым ұясынан балапан қаз-ай.

1. Әннің сөзіне көңіл бөл. Қазақ халқының өмірлік ұстанымдары жайында не айта аласың?
2. Сенің ойыңша мұндай әндерді қай уақытта, қандай жағдайда орындайды?



24-САБАҚ

КИНО ЖӘНЕ МУЗЫКА

Қазақ мультфильмдерінің музыкасы




Сабақта:

1. Қазақстанның мультфильмдерінің музыкасымен танысамыз;
2. Осы бағытта жұмыс істеген композиторлардың шығармашылығын танымыз;
3. Қазақ мультфильмдерінің даму кезеңдеріне шолу жасаймыз;
4. Мультипликация терминдерімен танысамыз;
5. Мультфильмдерге жазылған шығармалардан үзінді тыңдаймыз.


Мультфильмдерде орындалатын музыканы **анимациялық музыка** деп атайды. Ол латынша *anime*, яғни «жан» деген мағынаны білдіреді. Суретке жан бітіріп, әртүрлі кейіпкерлердің мінездемесін сөзсіз музыкалық құралдармен жеткізу – анимациялық музыканың міндеті. Демек, анимациялық фильмдердегі саз өнерінің маңызы зор.

Қазақ анимациясының тарихы 1967 жылы режиссер Әмен Хайдаровтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» фильмінен басталды. Бұл картина қазақ анимациясының осы кезеңдегі (1967–1991) көркем



тәсілдерінің негізін қалады. Оған музыка жазған атақты күйші, дирижер Нұрғиса Тілендиев ұлттық нақыштағы музыканы басынан аяғына дейін қолданды. Егемендік алғанға дейінгі анимациялық фильмдердің қалыптасу және даму тарихын аңыздар мен ертегілер, жырлар желісімен түсірілген фильмдер құрады. Олардың қатарында «Ақсақ құлан» (Режиссёр – Ә.Хайдаров, композитор – Н.Тілендиев. «Қазақфильм», 1968) мультфильмін ерекше атаған жөн. Кейін пайда болған күнделікті өмір тұрмысы жайында және сатиралық мазмұндағы мультфильмдер «Ұл бала мен жын» (композитор – Н.Тілендиев. «Қазақфильм», 1974), «Жынның ғарышта басынан кешкендері» (композитор – А.Луначарский. «Қазақфильм», 1974) халық ертегілерінің әсемдік пен үйлесімділікті паш еткен ертегілік әлеміне қарама-қарсы қойылды. Осы кеңестік фильмдердің шыңы – шығыстық анекдот пен әфсаналардың кейіпкері Қожанасыр «Қожанасыр – құрылысшы» (композитор – Н.Маңғытаев. «Қазақфильм», 1967) фильмінде көрініс тапты. Қожанасыр азиялық, еуропалық және қытайлықтардың кеңесін тыңдап, тұруға мүлдем жарамсыз күрке салады. Ең соңында Қожанасырдың салған жаңа, Кеңес одағының типтік көп қабатты үйі ғана әртүрлі ұлт өкілдерінің бақытты өмір сүруіне мүмкіндік туғызады. Мұндай идеологиялық мағынадағы фильмдер ХХ ғасырдың 70–80-жылдарына тән болды. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан», «Байлық пен даналық» (композитор – Н.Тілендиев. «Қазақфильм», 1977) фильмдеріндегі үздіксіз орындалатын музыканы, әдетте, Н.Тілендиевтің жетекшілігіндегі ұлт аспаптар оркестрі орындайтын еді.

«Ақсақ құлан» фильмінде домбыра толыққанды басты кейіпкердің қызметін атқарады. Керісінше, симфониялық оркестрдің аспаптары



қазақ мультфильмдерінде жағымсыз кейіпкерлер атынан немесе қайғылы, драматизмге толы сәттерде қолданылды. Бұл мультфильмдердегі жеке дауысты домбыра – бейбітшілік, мейірімділік және басты кейіпкерлерді сипаттайтын қуатты құрал еді.



Мысалы, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» фильмінен бастап домбыра басты жағымды кейіпкер – Қарлығашты сомдауға қатысса, ал оған қарсы қатігез – Маса – еуропалық скрипка дауысымен бейнеленеді. Осы кезеңнің анимациялық фильмдеріне музыка шығарған сазгерлердің қатарында Нұрғиса Тілендиевтен басқа, Кеңес Дүйсекеев, Әсет Бейсеуов, Балнұр Қыдырбек, Ермек Өміровті атауға болады.

XX ғасырдың 90-жылдарының басында экономикалық және саяси себептерге байланысты болған аздаған тоқырау кезеңінен соң, фольклорлық уақиға желісімен түсірілген фильмдер («Түйе бойына сеніп, қапы қалыпты» (1993), «Ай мен тігінші» (1993) халық ертегілерін толық баяндағандықтан, анимацияның бастапқы даму кезеңіне қайтып оралумен ерекшеленді. Бұл фильмдердегі музыка да кеңестік мультфильмдердің үрдісін ұстанды.

2000 жыл Қазақстан анимациялық өнерінің жаңа даму деңгейін анықтады. Осы кезең картиналары қиял ғажайып және жыр дәстүрімен байланысты шығарылған. Олардың қатарында «Алпамыс батыр» (2007), 2010 жылы «Бөгенбай батыр», «Қамбар батыр», «Қанатты барыс», 2010–2014 жылдар аралығында түсірілген «Ер Төстік» мультсериалдары, «Azia-animation» студиясы түсірген «Алпамыс батыр», «Қыз Жібек» мультфильмдері болды. 2010 жылы 3D-анимация техникасымен түсірілген тұңғыш кассалық фильм «Ер Төстік» те ертегілік жыр үлгісімен түсірілді. Бұл жаңғырған ұлттық сананың көрсеткіші еді. Анимациялық фильмдердегі музыка кеңестік дәуірдің тәсілдерімен бірге, ұлттық дәстүрге де ерекше ден қойды. Мысалы, басты кейіпкердің белгісі домбыра болса, симфониялық оркестр аспаптары жағымсыз кейіпкерлер мен драмалық жағдайларды, қазақтың ұлт аспаптары бейбітшілік пен байтақ дала картиналарын бейнеледі. Десек те, ұлт аспаптарының қолданылу аясы едәуір кеңейе түсті. Мәселен, **қобыз** таңғажайып, тылсым күштермен байланыс тұрғысынан тәржімаланды. Бұл әдіс 90-жылдардағы кеңестік дәуірдің мультфильмдеріне тән еді («Үш шебер» фильмінде ағаштан қызды тірілтіп жонып алған үш шебердің дауысы, ал «Түйе бойына сеніп қапы қалыпты» мультфильмінде қобыз дауысы Әлемдік тауда жиналған аңдарға Тәңірі үкімінің дыбыс бояуы). Жырдың дәстүрлі мақамы қолданылған «Мұңлық – Зарлық» (Режиссёр – Б.Дәуренбеков, композиторлар –



А.Дүйсен, Р.Шынықұлов. «Сак-киностудия», 2010) мультфильмінің кіріспесіндегі қобыздың зары абыз баяндаған жырдың уақыт өлшемін нанымды жеткізеді. Музыка мен бейнелік қатар бірін-бірі толықтырып, көне қобыз дауысымен үйлесім тапқан шығыстық қолжазбалар мен гравюралар көріністері ежелгі заманның бояуын кіргізеді. «Құйыршық» мультфильміндегі (режиссёр – К.Қасымов, композитор – Т.Қышқашбаев. «Қазақфильм», 2003–2004) шал қолындағы қозыдан қалған құйыршықты кемпірге көрсету сәтіндегі қобыз сазы абыздың сарнатқан сарынындағы өмір мен өлім арпалысын жеткізеді. Осы кездегі анимациялық фильмдерде қобыз сарыны сирек қолданылады, бұл қобыздың дәстүрдегі ерекше қасиетті аспап ретіндегі мәнін айрықшалайды.

Техникалық өркениеттің белгісі ретінде заманауи мультфильмдерде синтезатор дауысы жиі қолданылады.

Бірқатар мультфильмдерде синтезатор – табиғаттан тысқары таңғажайып сиқырлы күшті көрсету мақсатында қолданылады («Құйыршық», «Алпамыс», «Сиқырлы тас»). Мәселен, «Құйыршық» мультфильміндегі Құйыршықтың дүниеге келуі сыңырлаған электронды дыбыстармен мінезделеді. «Алпамыс» фильміндегі Алпамыс пен Мыстанның қайшылығы жеке дауысты домбыра мен электронды музыканың қайырымдылық пен зұлымдықтың тойтарысын бейнелейді.


Ертегідегі қарама-қайшы күштердің арпалысы заманауи Қазақстан мультипликациясында халық әні мен эстрадалық музыканың («Алдаркөсе мен шайтандар», «Жебе», 2004 ж.), халық күйлерінің рок өңдемесі арқылы көрсетіледі («Алдар көсе мен шайтандар» мультфильміндегі жекпе-жекте Дәулеткерейдің «Көроғлы» күйі рок стилінде ойналады), бұл атақты «Матрица» фантастикалық фильмінің көріністеріне жақын. Соңғы кезең мультфильмдеріне Нұрлан Еспанов, Арман Дүйсенов сынды композиторлар атсалысқан.



1. «Ақсақ құлан» немесе «Қанатты барыс» мультфильмдерінен үзінді көру.

2. Альбиниони «Адажио» (Режиссер – Гарри Бардин) мультфильмінен саундтрек тыңдау.

3. Бұл мультфильмнің тәлім-тәрбиелік мағынасы неде? Жеткізер басты идеясы не?





**Нұрғиса
Тілендиев**
(1925–1998)

Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев 1925 жылы 1 сәуірде Алматы облысы Іле ауданы Шілікөмер ауылында дүниеге келді. Қазақтың әйгілі күйші-композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы. КСРО халық артисі (1984), Халық қаһарманы (1998).

1. Қазақстан анимациялық музыкасының қалыптасуы мен дамуына сазгер Нұрғиса Тілендиев қандай үлес қосты?

2. Н.Тілендиевтің мультфильмдерге арналған музыкасы қай жылдар аралығында шығарылды?

3. «Ақсақ құлан» (аттас мультфильм), «Көроғлы» «Алдар көсе мен шайтандар» мультфильмдеріндегі музыканы дәстүрлі күймен салыстырып тыңда. Мультфильмдегі күйдің заманауи өңделуінде дәстүрлі күйден қандай өзгерістер байқалады?



ДАСТАРҚАН

*Әнін жазған – К.Дүйсекеев
Өлеңін жазған – А.Нысаналин*

Ей, халайық, халайық,
Бар өнерге салайық.
Ас ұсынып, бас тартқан,
Жайылып тұр дастарқан.

Дастарқан-ау, дастарқан,
Берекелі дастарқан,
Мерекелі дастарқан,
Ей-ей-ей!



Жақсы келсе – құт болар,
Жаман келсе – жұт болар.
Жолаушымыз біз деген
Асыл мұрат іздеген.

Дастарқан-ау, дастарқан,
Берекелі дастарқан,
Мерекелі дастарқан,
Ей-ей-ей!

Айналайын ағайын,
Үміт отын жағайын.
Уайым-қайғы жоқ болсын,
Қуанышың көп болсын.

Дастарқан-ау, дастарқан,
Берекелі дастарқан,
Мерекелі дастарқан,
Ей-ей-ей!

1. Өннің сөзіне көңіл бөл. Қазақ халқының қонақжайлылығы жайында не айта аласың?
2. Сенің ойыңша, мұндай әндерді қандай жағдайда орындайды?
3. «Дастарқан» әнін қандай топқа жатқызуға болады?



1. Анимациялық музыка дегеніміз не?
2. Алғашқы қазақ мультфильміне музыка жазған композиторды ата.
3. Қобыз қазақ мультфильмдерінде қандай мағынада қолданылады?
4. «Алдар көсе мен шайтандар» мультфильмінде дәстүрлі күйшінің қай күйі орындалған?



25-САБАҚ

ЖОБАНЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ

Сабақта:

1. Жобаның тақырыбын анықтаймыз;
2. Жобаның жұмыс жоспарын құруды үйренеміз;
3. Ақпарат іздеуді меңгереміз;
4. Жобаны іске асыруды меңгереміз;
5. Топпен жұмыс жасап үйренеміз.

Тапсырмалар:

1. «Музыка және поэзия», «Музыка және өнер», «Музыка және театр», «Музыка және кино» тақырыптары бойынша ұсынылатын бірнеше жобаларды таңдап, топқа бөлу.
2. Жобаның мақсатын анықта.
3. Өртүрлі іріктелген жобалардың тақырыптары бойынша ақпараттар іздестір.
4. Жоба бойынша жұмыс жоспарын құрастыр.
5. Өз тобында жоба тақырыбын талқыла.

Үлгілер:

Жобаның тақырыбы: «Музыка және поэзия»


Жобаның мақсаты: орыс классиктерінің романстарымен танысу.

Міндетті:

- романстар туралы материалдар табу;
- тақырып бойынша слайд-шоу дайындау;
- романстар орындауға дайындалу.

Жұмыс нәтижелері:

- романс туралы, композиторлар туралы баяндама, постер;
- романс туралы, композиторлар туралы слайд-шоу;
- топ болып немесе жеке романс орындау.



26-САБАҚ

ЖОБА НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНЫСТЫРУ

Сабақта:

1. Сынып оқушылары алдында өз жұмысыңның нәтижелерін көрсете білуді үйренесің;
2. Сыныптастарыңның және өзіңнің жұмысыңды бағалауды үйренесің;
3. Өз жұмысыңды жетілдіруді меңгересің.

Үлгі:

Жоба тақырыбы: «Музыка және поэзия»

Жоба мақсаты: классиктердің өлеңдеріне жазылған романстармен таныстыру.

Жобаның түрі: топтық жұмыс

Пайдаланылған дереккөздер: әдебиеттер, интернет ресурстары, аудио және бейнематериалдар.

Пьер Беранженің сөзіне жазылған А.Алябьевтің «Нищяя» романсымен танысу. Орыс тіліне аударған Д.Ленский.

Орыс композиторы А.Алябьев (1787–1851) 200-ге тарта романстардың авторы. Олардың ең танымалы, А.Дельвигтің сөзіне жазылған – «Соловей» шығармасы.

1812 жылы Отан соғысына қатысқан. 1828 жылы Сібірге (кейін Оңтүстік Орал, Орынбор мен Кавказға) жер аударылды. Александр айдауда жүрген кезінде (1834–1835) өзінің «Азиялықтар әндері» атты вокалдық циклін жазады. Мұнда қазақ, башқұрт, татар, түрікмен халықтарының ұлттық әуендерін пайдаланды, ал «Қияның жас қыраны неге болмадым» әнін Александр «Қазақ әні» деп көрсеткен. Орынбор маңындағы қазақтар мен башқұрттардың ән-күйлеріне құлақ түріп, оған этнографиялық тұрғыда зер салды.

Алябьевтің ең танымал «Соловей» шығармасынан басқа, Пушкиннің, «Зимняя дорога», «Певец», сондай-ақ «Вечерний звон» (И.Козлов), «Нищяя» (өлеңі Беранженікі) романстарын айтуға болады.




Әйгілі француз ақыны Беранженің «Нищяя» өлеңі, 1840 жылы Д.Ленскийдің аудармасы бойынша, өзінің трагедиялық болмысымен композитордың жан дүниесіне қатты әсер етеді. Алябьевке келгенде бұл романс лирикалық бағыттан драмалық мінезге ауысады.

Орыс халқының осынау атақты романсын орындаушылар көптеп саналады. Романс әйгілі орындаушылардың репертуарына енген. Әр орындаушы романстың мінезін әртүрлі жеткізе білген.

Тыңда және талда: Ж.Бичевскаяның, В.Высоцкийдің орындауларында «Нищяя» романсын тыңда.

Бірге талқылаңдар:

1. Романстардың орындалуы немен ерекшеленеді?
2. Қай романстың орындалуы ұнады? Неге?



IV ТОҚСАН

МУЗЫКА – ӨМІР ТЫНЫСЫ

Танысасың:

- интеллектуалды музыка;
- жан жадыратар музыка;
- музыка және технология;
- музыкалық дыбыстау және көркемдеу.

Музыкалық сауат

- транс;
- хаус;
- техно;
- драм-н-басс (джангл);
- индастриал;
- нью-эйдж;
- чиптюн;
- нинтендокор;
- битпоп;
- videoShow;
- movie Maker;
- киностудия.

Терминдер мен ұғымдарды білесің:

аңыз

J-Pop стилі

электропоп



27-САБАҚ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МУЗЫКА

Сабақта:

1. Интеллектуалды музыкамен танысамыз;
2. Абай Құнанбайұлының және Дәулеткерей Шығайұлының шығармашылығы туралы білеміз;
3. Абай әндерін айтып үйренеміз;
4. Дәулеткерей күйлерін тыңдаймыз;
5. Тыңдалған әндер мен күйлерге талдаулар жасаймыз.

«Интеллектуалды музыка» деп күрделі құрылымды, терең мағыналы, ойлы шығармаларды айтуға болады. Мұндай туындылар орындаушыдан асқан шеберлікті және тыңдаушыдан да мол түсінікті қажет етеді. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан музыкасы және оны тыңдап бағалай алатын тыңдаушылары бар. Қазақтың ән-күйлерінің ішінде философиялық терең ойға құрылған кемел туындылар баршылық. Оларды тыңдап, түсіну үшін арнайы дайындық керек, сонымен қатар тыңдарманның ой-өрісі, сана-сезімі жоғары деңгейде болуы тиіс. Мысалы, Абайдың әндері мен Дәулеткерейдің күйлерін осындай шығармалардың қатарына жатқызуға болады.



Абай
Құнанбайұлы
(1845–1904)

Қазақ халқының мәдени, рухани әлемінде Абай Құнанбайұлының алатын орны ерекше. Абай – қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, маңдай алды ақын. Ол қазақтың жаңа реалистік әдебиетінің негізін салушы. Абай Құнанбайұлы 1845 жылы бұрынғы Семей облысы Абай ауданы Шыңғыстау өңірінде дүниеге келген. Бір басына сан қырлы өнер қонған Абай – қазақтың музыка тілін абайлық стильмен байытқан, көптеген әндер тудырған жаңашыл композитор. Абай ақындығымен бірге музыка саласында мол мұра қалдырып, қазақ музыка өнерін дамытты. Абайдың домбыра шерткендігі бізге



белгілі, **үш ішекті домбырасы** ақын мұражайында сақталған. Абайдың «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Айттым сәлем, қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Көзімнің қарасы», «Татьянаның әні» т.б. әндері белгілі.



СЕГІЗ АЯҚ

Абай

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл.



Абайдың үш ішекті домбырасы

1. Бейнежазба немесе үнтаспадан Абайдың «Сегіз аяқ» әнін тыңда және талда.
2. Қалай ойлайсың, әннің аты неге «Сегіз аяқ» аталған?
3. Әннің ерекшелігіне, орындаушылық мәнеріне баға бер.
4. Әннің мәтінін мәнерлеп оқы.



Дәулеткерей Шығайұлы
(1820–1887)

Батыс күйшілік мектебінің аса көрнекті тұлғаларының бірі **Дәулеткерей Шығайұлы** – 1820 жылы Орал облысы Орда ауданы Қармола деген жерде дүниеге келген. Қазақ халқының аспаптық күй өнерін дамытушы. Ел аузында Бапас күйші атанған. Домбыра тартуды жас кезінде Мүсірәлі деген күйшіден үйренген. Дәулеткерей бала кезінде молдадан оқып, мұсылманша хат таныған. Ресейде білім алып, кейін генерал дәрежесіне дейін жеткен хан Жәңгір Ордада балалардың орысша білім алуына да жағдай туғызыпты.




1855 жылы Екінші Александр патшаның таққа отырып, тәж кию салтанатына қатысқан өкілдердің ішінде Дәулеткерей де болған. Ол осы сапардан көрмегенін көріп, естімегенін өз құлағымен естіп қайтады. Еуропа сазгерлерінің оркестрде ойнаған шығармаларын тыңдайды. Дәулеткерейді академик А.Жұбанов «Төре күйлерінің атасы» дейді. Дәулеткерейдің «Көркем ханым», «Жігер», «Құдаша», «Жұмабике», «Салық өлген» және т.б. күйлері бізге жетті.



БАЙЖҰМА

Орташа, мәнерлі

Дәулеткерей Шығайұлы



1. Бейнежазба немесе үнтаспадан Дәулеткерейдің «Байжұма» күйін тыңда.
2. Күйге сипаттама бер.
3. Орындаушылық мәнеріне баға бер.



1. Абайдың тағы қандай әндері бар?
2. «Абай жолы» романын кім жазды?
3. Дәулеткерейді ел арасында қалай атаған?
4. Дәулеткерей қандай орындаушылық стиль қалыптастырды?
5. Абайдың әндерін жеткізушілер жөнінде мәліметтер іздестіріңіз.
6. Абайдың әнге байланысты шығарған өлеңдерін мәнерлеп оқың.
7. Дәулеткерейдің «Байжұма» күйінің ырғағын орында.
8. Дәулеткерей туралы қосымша деректерді тауып, оқың.



28-САБАҚ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МУЗЫКА

Сабақта:

1. Интеллектуалды музыка бағыттарымен танысамыз;
2. Заманауи музыканың ерекшеліктерімен танысамыз;
3. Интеллектуалды музыка терминдерін біле аламыз;
4. Заманауи техникада жазылған шығармалардан үзінді тыңдаймыз;
5. Қазақтың «Арман-ай» әнін үйренеміз.

Ақыл-ойға сүйеніп, рационалды әдіспен шығарылған музыка көне заманнан бастау алады. Энциклопедист ғұлама ғалым Әбу Наср әл-Фараби музыканы математиканың әдістерімен зерттеген болатын. Ал Еуропаның атақты композиторы И.С.Бах «фуга» атты көп дауысты шығарманы ақыл-оймен пішіп, әр дауыстың жүргізілуін ережеге бағына жазды. XX ғасырда компьютер тарала бастаған соң, музыканың мүмкіндіктері арта түсті. Қазіргі таңда компьютерлік музыкадан басқа, электронды музыка, заманауи музыканың көптеген бағыттары пайда болды. Сонымен бірге алуан түрлі қазіргі заманғы композиторлық техникалар қолданылып келеді. Әсіресе, **Электронды музыканың** қазіргі таңда әртүрлі бағыттары өріс алды. **Транс** – адамды өмірде жоқ бейқам көңіл күйге бөлейді. **Хаяс** – бұл электронды музыка түрі өте қарапайым би ырғақтарының қайталануынан құралған әуенге негізделеді. **Техно** – табиғатта кездеспейтін, машина дыбысына ұқсас синтетикалы дыбысты әуеннің бірнеше рет қайталануынан құралатын электронды музыка түрі. **Драм-н-басс** (джангл) – өзгермелі ырғақ пен жылдамдық маңызды рөл атқаратын электронды музыка стилі. **Индастриал** электронды музыкасында механикалық дыбыстар эстетикасы жатыр. **Нью-эйдж** – электронды музыкасының басты міндеті – адамды рақатқа бөлей отырып (релаксация), жағымды сезімдерді ояту, ол әсіресе стресске қарсы және йога сабақтарында көмектеседі. *Заманауи композиторлар әртүрлі техникаларды да пайдаланады.*





1. А.Бестібаевтың «Азия дауысы», «Ашу басар»; А.Райымқұлованың «Дала сыры» атты шығармаларын тыңдап, салыстыр.
2. Бұл шығармалардың бейнесіне қандай мінездеме беруге болады?
3. Ол туралы өз пікіріңді қысқа эссе түрінде жаз.
4. Бұл шығармаларды интеллектуалды музыкаға жатқызуға бола ма?



Ақтоты Рахметоллақызы Райымқұлова – композитор, танымал қоғам қайраткері.

1. Қазақстан заманауи музыка өнерінің қалыптасуы мен дамуына композитор Ақтоты Райымқұлова қандай үлес қосты?
2. Қазақстанның электронды музыкасына үлес қосып жүрген композиторлар жайында ақпарат ізде.



Әділ Бестібаев – композитор, Қазақстан Композиторлар одағының және Канада музыка орталығының мүшесі.



1. Интеллектуалды музыка деп қандай шығарманы атауға болады?
2. Заманауи электронды музыканың бағыттарын ата.
3. Өзің білетін заманауи музыка шығаратын композиторлар жайында әңгімеле.
4. Заманауи техника әдістері қолданылған А.Райымқұлова, А.Бестібаев, Қ.Шілдебаевтың шығармаларын ата.





АРМАН-АЙ

Халық әні

Ойлап тұрсаң, бұл дүние шолақ екен-ай.
Бұл адамдар бір-біріне қонақ екен-ай.

Қайырмасы:
Арман-ай, өтеді дүние-ай, жалған-ай.

Қызғалдақтай, құлпырған қайран жастық-ай
Қара жерге, қар жаумай солады екен-ай.

Қудым, дүние, өзінді жалықпай-ақ-ай.
Ұстатпайсың, судағы балықтай-ақ-ай.



1. Әннің сөзіне көңіл бөл. Бұл ән не туралы?
2. Сенің ойыңша, бұл ән бізді неге үйретеді?
3. Тарихи әндерді интеллектуалды әндерге жатқызуға бола ма?

29-САБАҚ

ЖАН ЖАДЫРАТАР ӘУЕН

Сабақта:

1. Жан жадыратар жарқын әуенді әндермен таныс боламыз;
2. Әсет Найманбайұлы мен Дәнеш Рақышевтің әншілік мәнері туралы білеміз;
3. Тыңдалған әндерге талдаулар жасаймыз;
4. С.Қалиевтің сөзіне жазылған Х.Әбілжановтың «Әжетайым» әнін үйренеміз.



Тамылжыған, сазды, әуезді үн адам жанын ерекше тербейтін тылсым күшке ие екендігін талай ғұлама ғалымдар мен ойшылдар айтып кеткен. Данышпан Абай Құнанбайұлы ән-күй немесе жақсы бір әуеннің адам санасына әсері қандай болатындығы туралы көптеген терең, мағыналы пікірлер айтқан. Мысалы, «Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй...» немесе «Жүрек тербеп оятар баста миды», «Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдаушының құлағын кесері бар...» немесе «Құр айқай бақырған Құлаққа ән бе екен?», – деген өлең жолдарында әннің әртүрлі мінезде болатындығын талдап берді.



**Әсет
Найманбайұлы**
(1867–1922)

Ақын, әнші, композитор **Әсет Найманбайұлы** 1867 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Бақты ауылында дүниеге келген. Әсеттің әкешесі кедей, шаруа адамдар болса да, Әсет ескіше оқыған көзі ашық адам болады. Оның дүниетанымы, ой тереңдігі, әсіресе, айтыс жанрында кеңінен танылды. Ол Рысжан, Әріп, Бақтыбай, Кәрібай, Қали, Сәмбет ақындармен және Мәлике қызбен айтысқан. Әсет мұраларының ішінде халыққа кеңірек таралғаны – оның әндері. Ол Біржан сал, Ақан серіден дәуірлеген Арқа әншілік дәстүрін жалғастырып, дамыта түсті. Оның «Кіші Ардақ», «Үлкен Ардақ», «Қарагөз», «Мақпал», «Інжу-маржан», т.б. әндері қазақ музыка мәдениетінің озық үлгілері қатарында тұрады.





Дәнеш Рақышев
(1926–1992)

Халықтық өнердің інжу-маржанын бойына терең дарытқан өр талант иесі, бұлбұл үнді, жезтаңдай әнші – **Дәнеш Рақышев** есімі барша қазақ халқына, өнер сүйер қауымға кеңінен танымал. Жетісудың бұлбұлы атанған Қазақстанның халық артисі Дәнеш Рақышев 1926 жылы Жаркент өңірінде (Алматы облысы Панфилов ауданы Талды ауылы) дүниеге келген.

Тағдырдың жазуымен Қытайдағы Шығыс Түркістан өңірінде балалық, жастық шағын өткізген Дәнеш әнші алғашқы өнер жолын да осы өлкеде бастайды. Отбасынан өнерге құлағы қанық өскен Дәнеш 12–13 жасынан қолына алғаш гармонь, домбыра ұстап ән салған. Ән өнеріне құлай ынта қойған бала Дәнеш 15 жасында әнші-күйші, өнерпаздармен етене араласты. Осы тұста 1916 жылдың дүрбелеңімен туған жерден жырақ кеткен атақты әнші, ақын Әсет Найманбайұлының Қадырихан, Мәмет сынды шәкірттерінің қасына еріп, көптеген әндерін үйренеді.

1959 жылы атамекенге біржола табан тіреген әнші Дәнеш Рақышев шалқар шабытпен «Саясында алманың», «Жетісу», «Балжан-ай», «Соға кет» сияқты халықтық сарынмен астасып, өзіндік әуен ырғағымен ерекшеленіп тұратын жүзге тарта әндер шығарды.



ӘЖЕТАЙЫМ

Әнін жазған – Халықберген Әбілжанов
Өлеңін жазған – Серік Қалиев

Маған деп жинаған
Тәтті құрт-майын.
Бар ауыл сыйлаған
Әжеме ән шырқайын.





1. Бейнежазба немесе ұнтаспадан Дәнеш Рақышевтің орындауында Әсеттің «Қысмет» және төл туындысы «Жетісу» әндерін тыңда.
2. Әндерді салыстырып, талда.
3. Орындаушылық мәнеріне баға бер.
4. «Қамажай» әніне ырғақтық сүйемел жасай отырып, орында.



1. Дәнеш Рақышевтің ұстаздары кімдер?
2. Дәнеш Рақышев қандай атақты әнші-композитордың мұрасын жеткізді?
3. Дәнештің қандай әндерін білесің?



1. Ә.Найманбайұлының «Інжу-маржан» әнінің мәтінін тауып, қайырмасын жаттап ал.
2. Ә.Найманбайұлы және Д.Рақышев әндерінің аттарынан сөзжұмбақ құрастыр.
3. Қазақ әндерінің жанрларын ата.



30-САБАҚ

ЖАН ЖАДЫРАТАР ӘУЕН

Салған ән көлеңкесі сол көңілдің...

Сабақта:

1. Қазақ халқының саз өнерімен байланысты терапиялық түсініктерімен танысамыз;
2. Музыка жайында көне түсініктерді танимыз;
3. Тәттімбеттің «Қосбасар» күйін тыңдаймыз;
4. «Үкілім-ай» әнін үйренеміз.

Қазақ халқы музыканы, саз өнерін қашанда рухани азық көрді. Шыр етіп дүние есігін ашып келген соң-ақ «бала уатып», сарын арқылы өз қуанышы мен мұңын білдірді. Жігіт пен қыз шаңқобызын сарнатып музыка үнімен тілдесті. Ұзатылып бара жатқан қалыңдық «сыңсу» арқылы өзінің назын жеткізді. Тойда көппен «жар-жар» мен «беташар» айтылып, қуанышты бөліскен, сондықтан халқымыз үшін ән, өлең қиелі болды. О дүниелік болған адаммен «жоқтап» қоштасса, бабаларымыз адам өлімін сөзбен емес, күймен естіртіп, көңіл қошын аулағаны да аңыздардан белгілі («Ақсақ құлан» күйінде ханның алдына оның баласының өлімін естіртуге келген Кербұқа домбырашы: «Балаң өлді, Жошы хан», деп күйді сөйлеткен деседі). Күй адамның жан жарасын ғана емес, үн дыбысымен ауырған адам мен жануарды да емдегендігі жайында аңыздар баршылық. «Нар идірген» халық күйінің аңызында «Көс, көс маям, көс маям, Айналайын, айналайын, жаным, жаным», деп қайғыдан екі көзінен жас парлап, желіні сыздап, тұрарға жер таба алмаған маяның алпыс екі тамырын қарт күйші күйдің көмегімен иітіп, емдеп берген екен. Әуен-саздың жанға дәру, ойға қуат беретін құдіретін Тәттімбеттің «Қосбасар» күйінің аңызынан байқаймыз. Күшікбай байдың жалғыз ұлы қайтыс болғанда, қайғыдан қан жұтқан әке өмірмен мәңгі қоштаспақ оймен түрлі әрекет жасаған соң, оны жұбатуға келген



Тәттімбет табалдырықта отыра қалып бірінен соң бірін 62 «Қосбасар» күйін орындайды. Әуелі қайғылыларын орындаған соң соңында өмірдің сәулелі, жарқын жақтарын көрсететін күйлермен аяқтайды. Сонда басын көтерген Күшікбай: «Осынша жас жігіттің күйінде мұнша мұң болуы қайдан?», – деп сұрағанда, Тәттімбет оған: «Сіздің жаныңызда жалғыз ұлыңыздың қайғысы болса, менің күйімде бүкіл халықтың мұңы жатыр» деп жауап берген екен.



1. Тәттімбеттің «Қосбасар» күйінің аңызы мен әуен сазы сәйкес келе ме?
2. Күйдің сипаты қандай? Мұнда сарыуайымға салыну бар ма?
3. «Қосбасар» күйінің аңызынан қандай ой түйдің? Пікіріңмен бөліс.



1. Әр халықтың музыкатерапия (музыканың емдік қасиетіне сенім) жайындағы түсініктерін іздестір.
2. Бұл түсініктерде ұлттық айырмашылықтар бар ма?
3. «Еуропа мен шығыс халықтарының музыкасының емшілігі» атты пікірталас (дебат) өткізіңдер.



1. Қазақ «көңіл шерін» музыканың көмегімен қалайша таратты?
2. Тәттімбет Күшікбай байдың жан жарасын қандай әдіспен жазды?





ҮКІЛІМ-АЙ

Халық әні

1. Арғы жағы Еділдің, бергі жағы,
Жағасында жайқалған жапырағы.

Қайырмасы:
Үкілім-ай, көкем-ай,
Сағындым, сәулем, бір сені ойлай.

2. Ата-анамды сағынып әнге салдым,
Бауырымның хабарын алмағалы.

Қайырмасы.

3. Ақ қағазға хат жаздым қалам алып,
Жүрек сырын қозғалтып әнге салып.

Қайырмасы.

1. Әннің сөзіне көңіл бөл. Бұл ән тыңдаушы мен орындаушының көңіл күйіне қалай әсер етеді деп ойлайсың?

2. Қазақ халқының өмірінде ән, саз өнері қандай маңызға ие болды?




31-САБАҚ

МУЗЫКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ

**Сабақта:**

1. Бейнеойындар музыкасының бағыттарымен танысамыз;
2. Бейнеойындар музыкасының ерекшеліктерін білеміз;
3. Осы бағыттың терминдерімен танысамыз;
4. Димаш Құдайбергеновтың орындауында «Moonlight over the sea» атты әнді тыңдаймыз.

Көңіл көтерудің формасы ретінде бейнеойындар 1970 жылдары пайда болғанда, олардың музыкасы кассета мен грампластинка таспаларына жазылды. «Sony» компаниясының бесінші буынындағы ойындарында композициялар ойындардан бейтарап жазылды және музыканттар компьютер бағдарламаларын білуге міндетті емес еді. Бейнеойындар музыкасына электропоп стилінде ойнайтын Yellow Magic Orchestra секілді топтар әсер еткен болатын. Мұндай әндердегі төрт я одан көп аккордтан құралған **J-Pop** стиліндегі немесе 1980 жылдардың поп-музыкасына ұқсас «шумақ» және рок- және поп-музыка бағытындағы «қайырмадан» құралады.





Компьютерлік ойындар музыкасы «чиптюн», «нинтендокор» және «битпоп» сынды музыкалық бағыттардың негізін құрады. Композиторлар мен оның тыңдаушы жанкүйерлері қазіргі кезде ойын музыкасын ойыннан тыс бағалауда. Осы бағыттың «пионері» Коити Сугияма – Dragon Quest атты ойын музыкасы сериясының авторы. 1986 жылы алғашқы ойын шыққан соң-ақ, Лондон филармониялық оркестрінің орындауында жазылған компакт-диск шығарылды. «Softdisk» компаниясының сәтті жобаларынан соң, 1990 жылдары әлемдегі ойын музыкасының даңқы арта түсті. Ойын музыкасына Ирландияда «жанды» дауыста ішекті аспаптардың орындауында жазылған кельт музыкасының лайықтаулары негіз болды. 2000 жылдардың басында әуесқойларға арналған Touhou Project ойындар сериясы танымал бола бастады. Додзин-мәдениетінің ерекшеліктеріне сай әуесқой музыканттарға додзин-музыкасының аранжировкаларымен өз дискілерін шығаруға мүмкіндік берілді. Әр жыл сайын Жапония, Германия, АҚШ, Аустралияда толық ойын композицияларынан құралған ойындар музыкасы мен аниме концерттері өткізіліп отырады.



Компьютерлік ойындарға музыка жазған композиторлар жайында ақпарат ізде, слайд-шоу жаса.





**Димаш
Құдайбергенов пен
Майра Мұхамедқызы**

Қазақстанның заманауи эстрадасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары үлкен деңгейге көтеріліп, әлемдік аренаға шықты. Димаш Құдайбергенов Витебск қаласында өткен XXIV Халықаралық эстрадалық ән орындаушыларының «Славян базары – 2015» байқауында Гран-приді жеңіп алды. 2015 жылы 28 қазан күні Стамбұлда да Димаш Құдайбергенов «Abu TV» Халықаралық Азия – Тынық мұхит фестивалінде Қазақстан Республикасының атынан алғаш рет қатысты.

2017 жылғы 27 наурызда Қазақстанның сүйікті әншісі Димаш Құдайбергенов «Top Chinese Music Awards» номинациясының жеңімпазы атанды.

Әншінің PR-директоры Алпамыс Шаримовтың айтуы бойынша, біздің әнші «Азиядағы ең атақты әнші» номинациясын жеңіп алды. Марапаттау рәсімі кезінде Димаш «SOS d'un terrien en détresse» әнін орындады. Оның репертуарында қазақтың халық әні «Дайдидау», Константин Меладзенің «Опять метель», Француз әншісі және композиторы Даниэля Балавуанның «Стармания» рок-операсы, Витас пен Майкл Джексонның репертуарынан: «Dangerous», «Billie Jean», «The Way You Make Me Feel» және «Earth song» сияқты шығармалары бар.



1. Димаш Құдайбергеновтың орындауында «Moonlight over the sea» бейнеклипін көр.
2. Димаш Құдайбергеновтың орындауында бұл ән қай жерде тұңғыш рет орындалды?
3. Композициядағы кейіпкерлерге мінездеме бер.





МЕН ҚАЗАҚПЫН

Мен қазақпын мың өліп мың тірілген,
 Жөрегімде таныстым мұң тілімен.
 Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
 Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Руым көп солардың аттарындай,
 Мінезім бар таулардың қатпарындай.
 Жырым бар бабалар хаттарындай,
 Әжімім бар бейнеттің таптарындай.

Қашан қазақ атандым мен азандап? –
 Әлі күнге дейін білмейсің, ей, адамзат.
 Есіміме береді бала жасын
 Құлпытасты шұқыған кей азамат.

«Ару – жолда, мал – терде, бала – белде»,
 Уайым түбі теңіз ғой, бара берме, ооооо
 Жігер керек, жыр керек, жалау керек,
 Қайрат күйі боп төгіл қаралы елге, ооооо.
 Па, шіркін!

Қайырмасы:

Бұл кім десең? Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген.
 Көк байрақ туым бар, елім бар, жерім бар, оооооо.
 Бұл кім десең? Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген.
 Көк байрақ туым бар, елім бар, жерім бар, оооооо.
 Па, шіркін! Япырмай!!!

1. Әннің сөзіне көңіл бөл.
2. Сенің ойыңша «қазақ», «исі қазақ» ұғымдары осы әнде қалай көрсетілген?
3. Бұл ән поп музыканың қандай бағытына жатады?





1. Компьютерлік ойындар қай кезден бастап пайда болды?
2. Компьютерлік ойындар музыкасының бағыттарын ата.
3. Өзің білетін J-рор және q-рор музыка шығаратын сазгерлер жайында білесің бе?
4. Компьютерлік ойындарда музыка қандай жағдайда қолданылады?

32-САБАҚ

ДЫБЫСТАУ ЖӘНЕ МУЗЫКАЛЫҚ ӘРЛЕУ



Сабақта:

1. Музыкалық-компьютерлік бағдарламалардың қолдануын үйренеміз;
2. Музыкалық-компьютерлік бағдарламалардың заңдылықтары жайында мәліметтер аламыз;
3. Музыкалық-компьютерлік бағдарламалардың негіздерін игереміз.

Музыка – біздің өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі жаһандану заманында музыкалық-компьютерлік технологиялар жан-жақты қолданысқа ие болып келеді. Осы күнгі заман талаптарының бірі – дамыған инновациялық технологияларды кеңінен қолдану. Қа-



зіргі таңда музыкалық-компьютерлік бағдарламалардың мүмкіндіктері мол. Біреулер бұл бағдарламаларды музыканы өңдеу үшін, редакциялау үшін, ал кейбіреулер компьютерде музыка тыңдау үшін пайдаланады. *VideoShow*, *Windows Movie Maker*, *Audacity*, *Soundation*, *Киностудия* сияқты компьютерлік бағдарламалар арқылы көптеген ойларды іске асыруға болады. *Windows Movie Maker* – бейнематериал құру және оны өңдеуге арналған бағдарлама. Бұл бағдарламаның мүмкіндіктері өте көп:

- а) сандық видеокамералар арқылы бейнематериалдар алу;
- ә) суреттер арқылы слайд-шоу жасау;
- б) бейнематериалды қию және жалғау;
- в) аудио дыбыстар жолын қою;
- г) тақырыптар мен титрлерді қою;
- д) бейне фрагменттердің арасында ауысулар жасау;
- е) қарапайым эффектiлер қою және тағы басқалар.



Audacity музыкалық және сандық файлдарды редакциялауға арналған үздік бағдарламалардың біреуі болып саналады.

Windows Movie Maker бағдарламасында бейнекамераның, веб-камераның немесе басқа да бейне құрылғылардың көмегімен компьютерде аудио және бейнежазбалар арқылы фильм құруға болады. Өзімізге қажетті фильм құру үшін дайын суреттерді, аудио және бейне материалдарды импорттау арқылы қолдануға болады. Қажетті аудио және бейне материалдарын таңдап алғаннан кейін белгілі бір тақырыпқа негізделген, бейнеауысым және эффектiлерді қолданып, дайын фильм құра аламыз.





1. *Windows Movie Maker* қандай бағдарлама?
2. *Windows Movie Maker* бағдарламасында фильм құру үшін нені пайдаланамыз?
3. *Audacity, Soundation* бағдарламалары неге арналған?
4. Музыкалық әрлеулер қолдана отырып, слайд-шоу жасау.
5. Видеоларды қию және жалғау.
6. *VideoShow, Movie Maker, Киностудия* бағдарламалары арқылы мини-бейнеклип жасау.
7. *Audacity, Soundation* бағдарламалары арқылы музыкалық өңдеулер жасау.



33-САБАҚ

ЖОБАНЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ

Сабақта:

1. Жобаның тақырыбын анықтаймыз;
2. Жобаның жұмыс жоспарын құрамыз;
3. Ақпаратты іздейміз;
4. Топтарға бөлінеміз.

Тапсырма:

1. Бірнеше топқа бөлініп, өтілген тақырыптарға сай ұсынылатын жобаларды таңдаңдар: «Интеллектуалды музыка», «Жан жадыратар әуен», «Музыка және технология», «Дыбыстау және музыкамен көркемдеу».

2. Жобаның мақсатын анықта.
3. Жобаның тақырыбына сәйкес әртүрлі деректерден ақпарат ізде.
4. Жобаның жұмыс жоспарын құр.
5. Топтарыңда жоба тақырыбын талқылаңдар.

Үлгі:

Жоба тақырыбы: «Интеллектуалды музыка» (1-нұсқа)

Жоба мақсаты: интеллектуалды музыкамен танысу.

Міндеттері:

- интеллектуалды музыка жайында материалдар табу;
- интеллектуалды музыка жайында слайд дайындау;
- интеллектуалды музыка жайында баяндамаға дайындалу.

Жұмыс нәтижелері:


- Интеллектуалды музыка жөнінде презентация дайындау.

Жоба тақырыбы: «Интеллектуалды музыка» (2-нұсқа)

Жоба мақсаты: интеллектуалды музыканың бағыттарымен танысу.

Міндеттері:

- интеллектуалды музыка жайында материалдар табу;
- интеллектуалды музыка бағыттары туралы слайдтарды дайындау;
- интеллектуалды музыка авторлары туралы слайд-шоу дайындау.



Жұмыс нәтижелері:

- Баяндама, слайд-шоу, постер, т.б.;

Жоба тақырыбы: «Жан жадыратар әуен»

Жоба мақсаты: оқушылардың өздері ұнататын әні, орындаушысы туралы жоба дайындау.

Әр топқа белгілі бір стильдегі музыка туралы дайындауға тапсырма беруге болады.

Міндеттері:

- өздері ұнататын композитордың шығармашылығы жайында мәліметтер табу;
- өздері ұнататын әншінің өмірі жайында шағын әңгіме дайындау;
- музыкалық материал (ән әуендерінен үзінділер) дайындау.

Жұмыс нәтижелері:

- «Менің (біздің) сүйікті әніміз (әншіміз, т.б.)» слайд-шоу немесе постер дайындау.

Жоба тақырыбы: «Музыка және технология»


Жоба мақсаты: музыканы әрлейтін, өңдейтін бағдарламалармен танысу.

Міндеттері:

- музыкалық технологиялар жайында мәліметтер табу;
- музыка әрлейтін бағдарламалар жайында слайд-шоу жасау.
- «нинтендодор» және «битпоп» сынды музыкалық бағыттар туралы қысқа эссе жазу.

Жұмыс нәтижелері:

- әртүрлі тақырыптарға компьютерлік бағдарламалар арқылы музыкалық әрлеулер мен өңдеулер жасау, слайд-шоу, эссе.



34-САБАҚ

ЖОБА НӘТИЖЕЛЕРІН ҰСЫНУ

Сабақта:

1. Өз жұмысымыздың нәтижелерін ұсынамыз, қорғаймыз;
2. Жұмыс нәтижелерін сыныптың, жюри мүшелерінің алдында ұсынып үйренеміз;
3. Өз жұмысымызды және сыныптастарымыздың жұмысын бағалауды үйренеміз;
4. Өз жұмысымызды жетілдіріп үйренеміз.

Үлгі:

Жоба тақырыбы: «Дыбыстау және музыкалық әрлеу»

Жоба мақсаты: музыкалық әрлейтін әртүрлі бағдарламалармен таныстыру.


Жоба түрі: жеке жұмыс.

Пайдаланылған дереккөздер: желі ресурстары, аудио және видеоматериалдар.

Таныстырылым: өзіңнің аудио немесе бейне өңдеу жұмыстарыңды таныстыр.

Бірге талқылаңдар:

1. *Audacity, Soundation, Windows Movie Maker* қандай бағдарламалар?
2. *Windows Movie Maker* бағдарламасын фильм құру үшін қалай пайдаланамыз?
3. Компьютерлерге арналған музыкалық бағдарламалар қай жылдары пайда болды?



ГЛОССАРИЙ

А	
«Абай» операсы	композитор А.Жұбанов пен Л.А.Хамидидің операсы. Либреттосы – М.Әуезовтікі. Алғашқы қойылымы 1944 жылы Қазақтың опера және балет театрында болды.
«Ақжелең»	«Ақжелең» – пәктікті, сұлулықты, кіршіксіз адалдықты жырлайтын шуақты күйлер тобына жататын ғажап туындылар.
«Алтын ғасыр»	XIX ғасырда дүниеге келген ұлы тұлғалар қазақ халқының өнері мен мәдениетін биік деңгейге көтерді, сол себепті осы кезең «Алтын ғасыр» деп аталады.
Антракт	спектакль немесе цирк, концерт, сахналық қойылым бөлімі аралығындағы үзіліс.
«Астана-опера»	2013 жылы Астана қаласында құрылған Опера және балет театры.
Ә	
Әуезов Мұхтар Омарханұлы (1897–1961)	қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым. Шығармалары: «Абай жолы» роман-эпопея, т.б. Пьесалары: «Қарагөз», «Еңлік – Кебек», «Қобыланды».
Б	
Байсейітов Қанабек (15.3.1905 – 10.3.1979)	әнші-актер, режиссер, драматург, қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі.
Байсейітова Күләш (1912–1957)	қазақтың әйгілі әншісі (лирико-колоратуралық сопрано), қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі.
Байғөзов Нұрлан (17.10.1950)	қазақтың белгілі музыканты, дирижері, композиторы және аранжировщикі. Шығармалары: «Қуыр-қуыр, қуырмаш», «Тамаша», «Деме сен».



Бәйтереков Сейдолла (10.5.1945 — 1998)	қазақтың белгілі композиторы, дирижёрі, ұстаз. Шығармалары: «Жібек жолы» атты симфониялық сюита, «АЛЖИР» деректі фильмінен «Реквием»; әндері – «Әлия», «Күнге табыну», «Дос туралы жыр», «Өмір-өмір».
Бапас	күйші-композитор Дәулеткерей Шығайұлының халық арасында таралған лақап аты.
Барокко	(барокко итальянша – астарлы, әдеттен тыс) – 1600–1750 жылдардың арасында кең тараған Еуропа өнер стилі.
Бах Иоганн Себастьян (1685–1750)	неміс халқының ұлы композиторы, органшы. 1000-нан астам музыкалық шығармалардың авторы.
Бетховен Людвиг ван (1770–1827)	немістің ұлы композиторы, дирижері және пианист, үш Вена классиктерінің бірі. Шығармалары: 9 симфония, фортепиано, скрипка, виолончельге арналған сонаталар, фортепиано және скрипкаға арналған концерттер, «Фиделио» операсы.
Би-боп	(ағылшынша bebop) – джаз стилі, XX ғасырдың 40-жылдарында пайда болды. Би-боп стилінде жылдам екпін мен күрделі импровизациялар гармония негізінде орындалады.
Бизе Жорж (1838—1875)	романтизм дәуіріндегі француз композиторы. «Кармен» операсының авторы.
Блюз	(blues – қайғылы, көңілсіз). Америка негрлерінің қайғылы, лирикаға толы жеке орындалатын әні, банджо аспабымен сүйемелденеді.
«Болеро»	(испанша bolero) – испан халық биі. Өлшемі 3/4, ерекше ритмі, орташа екпінде орындалады.
Бородин Александр Порфирьевич (1833–1887)	орыс композиторы, ғалым-химик, медицина ғылымдарының докторы. «Мықты түйін» (Могучая кучка) шығармашылық ұйымның мүшесі. Шығармалары: «Князь Игорь» операсы, «Батырлық» симфониясы.



Бөкей хандығы	Бөкей Ордасы – Ресей императорының рұқсатымен құрылып, 1801–1845 жылдары Еділ мен Жайық өзендері аралығында болған қазақ хандығы.
Брамс Иоганнес (1833–1897)	неміс композиторы және пианист, неміс симфониясындағы романтизм бағытының соңғы өкілі. Шығармалары: 4 симфония, фортепиано және оркестрге арналған концерттер, скрипка және оркестрге арналған концерт, камералық шығармалар.
Брусиловский Евгений Григорьевич (1905–1981)	қазақ кәсіби музыкасының негізін қалаушы, композитор, профессор. Оқушылары: Б.Байқадамов, М.Төлебаев, Қ.Қожамияров, Е.Рахмадиев, Қ.Мусин, С.Мұхамеджанов. Шығармалары: «Қыз Жібек» (1934), «Жалбыр» (1935), «Ер Тарғын» (1936), «Айман – Шолпан» (1938); әндері – «Қос қарлығаш», «Шолпан».
Букстехуде Дитрих (1637–1707)	неміс органшысы, барокко дәуірінің белгілі композиторы.
«Бумеранг»	«Бумеранг» атты джаз ансамблі ХХ ғасырдың 70–80-жылдары шығыстық джазды қалыптастыруда маңызды рөл атқарды, кеңестік джаз ансамбльдерінің үздік бестігі қатарында болды.
В	
Вагнер Рихард (1813–1883)	неміс композиторы, дирижёр, опера реформаторы. Шығармалары: «Лоэнгрин», «Нибелунгтардың сақинасы» төрт операдан тұратын циклі.
Вебер Карл Мария (1786–1826)	неміс композиторы, дирижёр, пианист, неміс романтикалық операсының негізін қалаушы. Шығармалары: «Еркін мерген» (нем. Der Freischütz), «Оберон».
Вена классикалық мектебі	еуропалық музыканың ХVIII ғасырдың екінші жартысындағы – ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы бағыты. Бұған Й.Гайдн, В.А.Моцарт, Л.В.Бетховен сияқты композиторлар жатады.



Верди Джузеппе (1813–1901)	Италия опера мектебінің ең ұлы композиторы. Шығармалары: «Риголетто», «Травиата», «Аида» опералары.
Вивальди Антонио (1678–1741)	Италия композиторы, скрипкашы, педагог, дирижёр. XVIII ғасырдағы итальяндық скрипка өнерінің көрнекті өкілдерінің бірі. Шығармалары: скрипкаға арналған 4 концерттен тұратын «Жыл мезгілдері» атты сериялы шығармасы.
Г	
Гайдн Йозеф (1732–1809)	Австрияның композиторы. Оны «симфония мен квартеттің атасы» деп атаған. Шығармалары: 104 симфония, 83 ішектік квартет, 52 фортепианоға арналған соната.
Гендель Георг Фридрих (1685–1759)	неміс композиторы XVIII ғасырда өмір сүрген Еуропадағы аса көрнекті опера композиторларының бірі. Шығармалары: ораториялары – «Самсон», «Мессия», опералары – «Альмира», «Нерон».
Гёте Иоганн (1749–1832)	ұлы неміс ақыны, дана ойшыл. Шығармалары: «Фауст» трагедиясы.
Геок-Тепе	Түрікменстандағы қаланың атауы.
Глинка Михаил Иванович (1804–1857)	орыс классикалық музыкасының негізін салушы. Шығармалары: «Иван Сусанин», «Руслан және Людмила» опералары, симфониялық оркестрге арналған «Камаринская», «Вальс-фантазия»; романстар – «Я помню чудное мгновенье», «Попутная песня».
Глюк Кристоф Виллибальд (1714–1787)	музыкалық классицизм дәуіріндегі неміс композиторы. Шығармалары: «Орфей мен Эвридика», «Альцеста», «Парис пен Елена» опералары.
Гуно Шарль Франсуа (1818–1893)	француз композиторы, музыка сыншысы, француз лирикалық операсының негізін салушы. Шығармалары: «Фауст», «Ромео мен Джульетта» опералары.



Д	
Даргомыжский Александр Сергеевич (1813–1869)	орыс музыкасында реализм бағытының негізін салушы композитор. Шығармалары: «Русалка» операсы; романстар – «Титулярный советник», «Я Вас любил...», «Мне грустно», «Мне минуло шестнадцать лет».
Дәлденбаев Бейбіт (1955)	қазақ композиторы. Шығармалары: «Махаббат перизаты», «Ер Төстік» балеттері, «Алаулы жер» симфониясы, 30 көркем және анимациялық фильмдердің, музыкалық және драма спектакльдерінің музыкасы.
Дворжак Антонин (1841–1904)	романтизм дәуіріндегі чех композиторы. Шығармалары: 9 симфония, фортепиано, скрипка, виолончель мен оркестрге арналған концерттер, «Славян билері».
Дебюсси Клод (1862–1918)	француз композиторы, музыкалық импрессионизмге жатады. Шығармалары: «Пеллеас және Мелизанда» операсы, «Теңіз», «Бейнелер» симфониялық оркестрге арналған.
Дега Эдгар (1834–1917)	француз суретшісі, көрнекті және өзіндік қолтаңбасы бар импрессионизм бағытының өкілі. Шығармалары: «Автопортрет», «Көгілдір бишілер», «Балет мектебі».
Е	
«Евгений Онегин»	П.И.Чайковскийдің операсы. Либреттосы – П.И.Чайковский мен К.Шиловскийдікі. Алғашқы қойылымы 1879 жылы Мәскеу қаласындағы Кіші театрында болды.
Екінші Александр (1818–1881)	Романовтар әулетінен шыққан Ресей императоры, Польша патшасы және Финляндияның ұлы князі (1855–1881), Николай I-нің үлкен ұлы.
Ж	
«Жазғы түнгі түс»	Феликс Мендельсонның, Уильям Шекспирдің 5 актілі комедиясына жазған музыкасы, алғашқы рет 1843 жылы Потсдам сарайында орындалды.



Жетісу	тарихи-географиялық аймақ. Тарихи деректер мен зерттеулерде Жетісу атын құрайтын жеті өзен туралы түрліше пікір бар. Жергілікті халық «Жетісу» деп Іледен солтүстікке қарай созылған аймақты атаған, оған Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу өзендері енген.
Жұбанов Ахмет Қуанұлы (1906–1968)	қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер. Шығармалары: «Абай» (Л.Хамидимен бірге), «Төлеген Тоқтаров» опералары, «Тәжік билері», «Қазақ билері», форте-пианоға арналған циклдері, «Ақ көгершін», «Майданнан хат», «Қарлығаш» әндері.
Жұбанова Ғазиза Ахметқызы (1927–1993)	әйгілі композитор, ұстаз, қоғам қайраткері. Шығармалары: «Еңлік–Кебек», «Жиырма сегіз» («Артымызда Москва»), «Құрманғазы» атты опералары, «Ақ құс туралы аңыз», «Хиросима», «Қаракөз» – балеттері, «Жігер» симфониясы.
«Жыл мезгілдері» концерттері	Италия композиторы Антонио Вивальдидің скрипкаға арналған 4 концерті, барокко стилінің ең әйгілі шығармалары.
З	
Затаевич Александр Викторович	Александр Викторович Затаевич (1869, Орёл облысы Болхов қаласы – 1936, Мәскеу) – композитор, этнограф, музыка және қоғам қайраткері.
И	
Ибрагимов Тахир (1947–2006)	қазақстандық джаз музыканты, барабаншы, «Бу-меранг» атты ансамбльдің жетекшісі, Қазақстанда ориентал-джаз стилі бағытының негізін салушы.
Импрессионизм	(французша <i>impressionnisme</i> , <i>impression</i> – әсер) – ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында өнерде пайда болған ағым.
К	
«Кампанелла»	(итальянша <i>campanella</i> – қоңырау) – Никколо Паганинидің скрипкаға арналған шығармасы. Скрипканың дыбысы қоңыраудың сыңғырлаған үніндей болып естіледі.



Классицизм	музыкадағы классицизм – XVII–XVIII ғасырлардағы академиялық музыка стилі.
Концерт	симфониялық музыканың негізгі жанры.
Қ	
Қамыс-сырнай,	қазақтың үрмелі музыкалық аспабы, өзегі қуыс қамыс түтігінен жасалған.
Қауырсын-сырнай	қазақтың үрмелі музыкалық аспабы, өзегі құс қанатының қауырсынынан жасалған.
Қаратау	еліміздің оңтүстігінде орналасқан, биіктігі орташа және аласа тау жоталары болып саналады.
Қосбасар	Алтай, Сарыарқа аймақтарында қалыптасқан күйшілік үрдіс. 62 тармақты болып келетін Қосбасарлар адам жүйесінің 62 тамырымен байланыстырады, терең философиялық мәні бар шығармалар.
Құсайынов Еділ (1955)	қазақтың белгілі композиторы, көне аспаптарда орындаушы, көмей өнерінің шебері, этно-джаз-рок-музыка стилінде жұмыс істейді.
Қыдыр ата	Түркі халықтары мифологиясында Қыдыр бейнесінің астарынан ислам дініне дейінгі және одан кейінгі кезеңде пайда болған екі діни-фольклорлық дәстүр түсінігі аңғарылады.
Л	
Лермонтов Михаил Юрьевич (1814–1841)	орыс ақыны, туындылары орыс әдебиетінің озық үлгілері болып саналады. Шығармалары: «Маскарад» – өлеңмен жазылған драма; «Демон» – поэма, лирикалық өлеңдер.
Либретто	операның ауызша мәтіні.
Лист Ференц (1811–1886)	Венгр халқының композиторы, пианист-виртуоз, дирижёр, ұстаз. Музыкалық романтизм өкілдерінің бірі. Шығармалары: фортепиано мен оркестрге арналған 2 концерт, «Фауст», «Данте» атты симфониялар, «Венгр рапсодиялары», т.б. фортепианоға арналған шығармалар.



М	
Мануал	(латынша manus – қол) – қолмен ойнайтын орган клавиатурасы.
Мане Эдуард (1832–1883)	француз суретшісі, импрессионизм бағытының негізін салушы. Шығармалары: «Қайықта», «Жанна», «Ақ пиондар».
Маңғыстау түбегі	Маңғыстау еліміздің оңтүстік батысында орналасқан шөлді, жазықты жер. Каспий теңізінің маңында орналасқан осынау үстіртті аймақтың шекарасы Түрікменстан, Өзбекстан мемлекеттерімен шектеседі.
Мендельсон Феликс (1809–1847)	неміс композиторы, пианист, дирижёр, ұстаз. Музыкалық романтизмнің ірі өкілдерінің бірі. Шығармалары: фортепиано мен оркестрге, скрипка мен оркестрге арналған концерттер. У.Шекспирдің «Жазғы түнгі түс» комедиясына музыка, оның ішінде «Үйлену маршы».
«Мессия» оратория	Георг Фридрих Гендельдің солистер, хор және оркестрге жазылған ораториясы. Діни сюжеттерге негізделген, оратория жанрының ең танымал шығармасы.
Монтеверди Клаудио (1567–1643)	XVII ғасырдың музыкалық мәдениетінде аса көрнекті орын алатын ұлы итальяндық композитор. Шығармалары: «Орфей», «Коронация Поппеи» опералары.
Монюшко Станислав (1819–1872)	поляк халқының ұлттық операсының негізін салушы композитор. Шығармалары: «Галька» операсы.
Н	
Несіпбаев Ғабит	Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, органшы, профессор. Қазақстан Республикасында орган музыкасының дамуына зор үлес қосқан орындаушы.
О	
Опера	(итальянша opera) – жұмыс істейді, жазады. Музыканың ең бай және ең күрделі жанры болып саналады.



Орган	үрмелі клавишті музыкалық аспап.
Ориентал-джаз	шығыс халықтарының музыкасы мен джаз стилінің синтезі.
Остинато	көптен қайталана беру (әуен немесе ырғақ).
П	
Пассакалия	(итальянша <i>passacaglia</i> – көптен қайталана беру) – ерте заманда ашық алаң немесе көшеде өтетін салтанатты мейрам музыкасы. XVII–XVIII ғасырларда аспапты музыкада өлшеуі үшке жүретін остинато басына құрылған полифониялық вариация.
Педаль	аяқпен ойнайтын орган клавиатурасы.
Полиритмика	бір өлшемде орындалатын музыкалық композициядағы екі (кейде одан да көп) ырғақты комбинациялардың тұтастығы. Мысалы, ансамбльде ойнағанда, бір орындаушының ырғақ үлгісі басқаларға қарағанда өзгеше болады.
Полифония	көпдауыстылық. Бір уақытта естілетін көп дауысты музыка.
Программалық симфония	белгілі әдебиеттік желімен жазылған симфония.
Р	
Регистр	музыкалық аспаптар немесе әнші дауысының белгілі бір биіктікте орналасқан дыбыс диапазонының бөлігі.
Романтизм	музыкадағы романтизм бағыты 1820 жылы қалыптаса бастады. Романтизм Аустрия, Германия, Италия, Франция, Польша, Венгрия, Ресей елдерінде пайда болды. Музыкадағы романтизм адамның ішкі жан дүниесіне үңілу қасиеттерін бойына сіңіре отырып дамыды. Романтикалық музыканың бейнелілігі артты.



С	
Сара Тастанбекқызы (1853–1907)	айтыскер ақын. Туған жері қазіргі Алматы облысының Қапал ауданы. Сара Тастанбекқызының Біржан салмен айтысы ғасырдан ғасырға үзілмей жалғасып келе жатқан қазақтың айтыс өнерінің шоқтығы биік, көркем үлгісі болып саналады.
Сарыарқа	географиялық жер атауы, көлемі жағынан үлкен аумақты алып жатыр. Қазақстанның негізінен орталық аумағын қамтиды.
Сал-сері	халық ерекше құрметтейтін, сегіз қырлы, бір сырлы өнер адамын айтады. Сал-серілер өзі әнші, өзі күйші болған, әсем киініп, жүйрік ат мініп, қасына өнерпаздарды жинап, ел аралап өнер көрсеткен.
Свинг	(ағылшынша swing – жылжу, шайқатату) – джаз музыкасының ерекше орындалу тәсілі болып есептеледі. Свинг стилінде екі дыбыстың бірінен соң бірі орындағанда, бірінші дыбыс созыла түсіп, екіншісі – қысқарады.
Семантикалық маңызы	белгінің мағынасы.
Семей губерниясы	Семей облысы 1854 жылы құрылған. 1920 жылы облыс Семей губерниясы болып жаңадан түзілді. Кейін Қазақ КСР құрамында 1939 жылы қайта құрылды. Қазақстан Республикасы үкіметінің елді мекендерді ірілендіру саясатына байланысты 1997 жылы сәуірде Семей облысы орталығы Өскемен қаласы болып белгіленген Шығыс Қазақстан облысымен біріктірілді.
Серкебаев Ермек (1926 –2013)	қазақ халқының әйгілі опера әншісі, лирикалық баритон, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының халық артисі, Қазақстанның халық артисі, КСРО және Қазақстан Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, профессор, қоғам қайраткері.
Симфония	(грекше symphonia – үндесу) – «бірлесу» деген мағынаны білдіреді.
Симфониялық поэма	симфониялық музыканың негізгі жанры.



Синквейн	<p>француздың «бес» деген сөзінен шыққан, яғни бес жолды өлең жазу әдісі: бірінші жолда тақырып бір сөзбен беріледі (зат есім); екінші жолда тақырыпты екі сөзбен сипаттау (сын есім); үшінші жолда тақырыпқа қатысты қимыл атауынан үш сөз жазылады (етістік); төртінші жолда 4 сөзден тұратын бір сөйлем жазылады; бесінші жолда тақырып мәнін ашатын бір синоним сөз жазу керек.</p>
Спиричуэлс	<p>(ағылшынша spiritual – рухани) – қара нәсілді халықтың музыкалық фольклорының негізгі жанры. Қайғылы жалғыздыққа, поэтикалық және лирикалық тереңдікке толы әндер.</p>
Сюита	Симфониялық музыканың негізгі жанры.
Т	
Тартыс	<p>қазақта күй мен өнер жарыстыру – ертеден келе жатқан үрдіс. Әсіресе алқалы жиын-тойларда ат бәйгесі, ақындар айтысы, балуандар күресі, күйшілердің күй тартысы өткізіліп отырған.</p>
Тазбала	Есбай күйшінің ел арасындағы лақап аты.
Тілендиев Нұрғиса (1925–1998)	<p>қазақтың әйгілі күйші композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы. Қазақ КСР-інің халық артисі (1975), КСРО халық артисі (1984), Халық қаһарманы (1998).</p>
Токката	<p>(итальянша tokkata – жанасу, toccare – қол тигізу, жанап кету, қолдың ұшын ғана тигізу) – бастапқыда клавишті аспапқа арналған шығармалар осылай аталған, қазіргі мағынасы – өте тез, анық орындалатын фортепиано немесе органға арналған виртуозды аспаптық пьеса.</p>
Төкпе күй	Батыс Қазақстан аймағында қалыптасқан орындаушылық дәстүр.



У	
Увертюра	жеке концерттік пьеса немесе операға (драмалық спектакльге) кіріспе.
Ү	
Үш ішекті домбыра	Қазақстанның Шығыс өңірінде кеңінен тараған.
Фонограф	дыбыс жазатын алғашқы құралдардың бірі болып саналады.
Фуга	(латынша және итальянша fuga – жүгіру, қашу, қуу) – имитациялық екі немесе көп дауыста жазылған музыкалық шығарма.
Ч	
Чакона	(испанша chacona) – аспапқа арналған шығарма. Төменгі дауыстағы қайталанатын мелодияға вариациялар. Қимыл сипаты салтанатты шеруге ұқсас болады.
Ш	
Шертпе күй	күйдегі негізгі тәсіл, оң қолдағы бес саусақтың саласымен шертіп тарту болып табылады.
Шу өзені	Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Ұзындығы 1186 км (Қазақстан аумағында 600 км), су жиналатын алабы 148000 км ² (Қазақстан аумағында 62500 км ²). Теріскей Алатауы мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылуынан қалыптасқан.
Ілме қағыс	төкпе күй дәстүріндегі, домбыра тартудағы оң қол қағысының атауы.



Ақпарат көздері

«Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» Антология. «EL production company» 2009 (I, IV тоқсан тақырыптарына байланысты); [vk.com›dombyra1000](https://vk.com/dombyra1000). [қазақтың дәстүрлі 1000 күйі](#) «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» Антология. «EL production company» 2010 (1, 4 тоқсан тақырыптарына байланысты); [muz-color.ru?&s=\(“Қазақтың 1000 халық әні”\)](https://muz-color.ru/?s=(\); [vk.com›dasturli_ander](https://vk.com/dasturli_ander).
Фотоматериалдар интернет желісінен алынды.



МУЗЫКА

**Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына
арналған оқулық**

Редакторы

К.Қошым-Ноғай

Корректоры

Ғ.Жандыбаев

Техникалық редакторы

С.Ақылов

Компьютерде беттеген

Г.Алмасбекова

ISBN 978-601-7967-03-1



9 786017 967031

Басуға 22.08.2018 ж. қол қойылды.

Пішімі 70x100 ¹/₁₆. Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі «Ariat». Офсеттік басылым.

Көлемі б.т. 8,5. Таралымы 150 000+35 000 дана.

Тапсырыс № 871.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.